7 ҚАРАША,
СЕНБІ,
2026 ЖЫЛ
№123 (23 737)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

# ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

95 ЖЫЛ

www.ortalyq.kz | www.instagram.com/ortalyq.kz/ | www.facebook.com/ortalyq.kz/ | info@ortalyq.kz

Болашақтың бағдары
3-бет



Интернеттен инновацияға дейін
4-бет



Бапкердің еңбегі бағаланды
8-бет



• БӘРЕКЕЛДІ!

## Құрметтің төрінде

**Қазақ өнерінің даңқын төрткүл дүниеге танытқан көрнекті өнер қайраткері, белгілі дипломат, профессор Дүйсен Қасейінов мәртебелі халықаралық марапатқа ие болды. Жерлесімізге түркі дүниесінің бірлігі мен мәдени ынтымақтастығын нығайтуға қосқан айрықша үлесі үшін Әлішер Науаи атындағы халықаралық сыйлық табысталды.**



Анкара қаласында өткен Түркі мемлекеттері ұйымының XIII саммиті Түркия Республикасының 103 жылдығына орай ұйымдастырылды. Салтанатты қабылдауға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бастаған түркі мемлекеттерінің басшылары мен мәртебелі меймандар қатысты.

Түркі мемлекеттері ұйымының Сыртқы істер министрлері кеңесі отырысының қорытындысы бойынша қабылданған шешімге сәйкес, жоғары марапатты Дүйсен Қасейіновке Түркия Президенті Режеп Тайып Ердоғанның өзі табыстады.

– Шынында, Дүйсен Қасейіновтің 2008-2022 жылдары Халықаралық түркі мәдениеті ұйымы – ТҮРКСОЙ-дың Бас хатшысы қызметін атқарған кезеңі ауқымды мәдени бастамаларымен ерекшеленеді. Оның ұйытқы болуымен Түркі әлемінің жастар камералық оркестрі, жастар хоры және халық аспаптары оркестрі құрылып, бауырлас елдердің өнерпаздары бір сахнада тоғысты. Ұйымның мәдени жобалары Біріккен Ұлттар Ұйымы мен ЮНЕСКО деңгейінде таныстырылып, түркі халықтарының ортақ мұрасы халықаралық кеңістікте кеңінен насихатталды. Осындай ілкімді істері арқылы мәдениет пен дипломатияны ұштастыра білген қайраткердің еңбегі түркі мемлекеттері басшыларының алдында жоғары беделге ие. Түркі мемлекеттері ұйымы атынан оған алғысымызды білдіреміз, – деді Режеп Тайып Ердоған.

Айтулы жетістікке Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиеев те арнайы тоқталды. Ол саммиттегі сөзінде Дүйсен Қасейіновтің марапатталуы ғылым, өнер және әдебиет саласында ізденіп жүрген түркі жастарына жаңа серпін беріп, шығармашылық биіктерге жігерлендіретінін жеткізді.

Бұл сыйлықтың салмағын бұған дейінгі лауреаттарының есімінен-ақ аңғаруға болады. Өзбекстан Президентінің бастамасымен 2021 жылы тағайындалған мәртебелі марапат алғаш рет 2022 жылы әлемге әйгілі қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматовқа қайтыс болғаннан кейін берілді. Ал, 2025 жылы Нобель сыйлығының лауреаты, түрік ғалымы Әзиз Санжар иеленді. Енді осынау даңқты тұлғалардың қатарын қазақстандық өнер қайраткері Дүйсен Қасейінов толықтырды.

Айта кетейік, Анкарадағы салтанатта Қырғызстан Президенті Садыр Жапаровқа «Түркі әлемінің жоғары ордені» табысталды. Ал, ресми қабылдау ТҮРКСОЙ ұйымдастырған түркі халықтары өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Қазақ өнерінің абыройын алысқа танытқан Дүйсен Қорабайұлының бұл жетістігі – барша жерлестеріміз үшін зор мақтаныш.

**Өз тілшімізден**

*Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан*

• МЕДИЦИНА

## Қайран жүректің қамқоры

**Жүрек дертіне шалдыққан науқас үшін ең қымбат нәрсе – уақыт. Дертті дер кезінде анықтау, қажетті операцияны кешіктірмей жасау, одан кейінгі күтімді дұрыс ұйымдастыру адам өміріне тікелей әсер етеді. Облыстық көпбейінді кардиологиялық орталығын жаңғырту жоспары да осы қажеттіліктен туындап отыр. Медициналық мекемеге барған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев дәрігерлердің жұмысымен танысып, жаңа рентген-операциялық блок салу, қосымша қондырғылар орнату және емдеу мүмкіндігін кеңейту жөніндегі ұсыныстарды қарады. Жоспар іске асса, бұған дейін өзге қалалардан ізделген күрделі емнің бірқатар түрі өңір тұрғындарына жақындай түспек.**




**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**
«Ortalyq Qazaqstan»

### Мүмкіндікті кеңейтетін жаңғыру

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев кардиологиялық орталықтың жұмысымен танысу барысында медициналық мекеменің әлеуетін арттыру мен жоғары технологиялық көмектің қолжетімділігін кеңейтудің маңызын атап өтті.

– Кардиологиялық орталықты дамыту – өңірдің денсаулық сақтау жүйесін нығайтудағы маңызды қадам. Бұл жоғары технологиялық медициналық көмекті облыс тұрғындарына қолжетімді етуге және адамдардың өмір сүру сапасын арттыруға мүмкіндік береді, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Облыс басшысына алдымен кардиоорталықтың негізгі бөлімдері мен операциялық қызметі таныстырылды. Мұнда жыл сайын жүрек тамырларына үш мыңға дейін хирургиялық ота жасалады. Осы ауқымды жұмысты атқарып отырған рентген-операциялық блок әзірге арнайы салынған ғимаратта емес, бейімделген үй-жайда орналасқан. Бөлімшеде төрт ангиограф жұмыс істейді. Бұл аппараттар қан тамырларының жай-күйін рентгендік бақылаумен зерттеуге және бірқатар емдік араласуды жүргізуге мүмкіндік береді.

Мұндай технология қан тамырларындағы тарылуды немесе бітелуді дәл анықтап қана қоймай, қажет болған жағдайда стент орнату секілді араласуларды орындауға жағдай жасайды.

2-бет

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

## Мықтылығы мойындалды

**Жоғары білім беру саласындағы бәсекелестік жыл сайын күшейіп келеді. Әлемдік деңгейде мойындалған рейтингтер университеттердің академиялық әлеуетін ғана емес, ғылыми зерттеулерінің нәтижесін, халықаралық байланысын және еңбек нарығындағы беделін де айқындайды. Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті өз позициясын жақсартып, Азияның үздік 300 жоғары оқу орнының қатарына енді.**




**Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

QS Quacquarelli Symonds халықаралық агенттігі жариялаған QS Asia University Rankings 2027 рейтингі бойынша Қарағанды техникалық университеті 293-орынға тұрақтады. Өткен жылғы нәтижемен салыстырғанда 10 сатыға жоғары көрсеткіш. Осылайша, оқу орны алғаш рет Азияның үздік 300 университетінің қатарына еніп, халықаралық білім кеңістігіндегі орнын нығайта түсті. Биылғы рейтингке Азияның 26 елі мен аумағынан 1722 жоғары оқу орны қатысты. Олардың қатарында Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея және Сингапур секілді білім мен ғылым саласында өзіндік орны бар мемлекеттердің жетекші университеттері бар.

4-бет

**БАСПАСӨЗ-2027**

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**

**Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2027 жылға жазылу науқаны басталды. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар, барлығы – бір газетте. «Ortalyq Qazaqstan» – сенімді ақпарат, салмақты сараптама!**

**Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады**

| Санаттар | Баламалы жазылым | «Қазпошта» АҚ Қала (теңге) | | «Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге) |
|---|---|---|---|---|
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 12 айға 15 500 теңге | 6 ай | 16 109,75 | 11 162,53 |
| | | 12 ай | 32 219,50 | 22 325,06 |
| Жеке жазылулар үшін | 12 айға 7000 теңге | 6 ай | 7 529,07 | 6 912,53 |
| | | 12 ай | 15 058,14 | 13 825,06 |

**Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)**

| Санаттар | Баламалы жазылым 12 айға | «Қазпошта» АҚ Қала (теңге) | «Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге) |
|---|---|---|---|
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 11 500 | 27 219,50 | 16 825,05 |
| Жеке жазылулар үшін | 5800 | 12 858,13 | 11 725,05 |

**Каспи QR арқылы жазылуға болады**

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

**Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімделеді.«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) баламалы жазылу жүргізіледі.**

**Анықтама телефоны:** 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-778-846-00-01, 8-705-902-04-05.
**E-mail:** otdel.pochtovyy@bk.ru

**«Ortalyq Qazaqstan» – әр шаңыраққа!**

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●EUR/KZT **507.31** ●USD/KZT **451.87** ●RUB/KZT **5.53** ●CNY/KZT **67.77**

Қазақстан Ұлттық Банкінің 6 қараша, 2026 жылғы дерегі бойынша

# Қайран жүректің қамқоры



**(Соңы. Басы 1-бетте)**

Ал, жүрек қақпақшаларына жасалатын жаңа операциялар үшін арнайы құралдар, тәжірибелі мамандар және науқасты операциядан кейін бақылайтын толыққанды бөлімше қажет. Сондықтан, жоспарланған жеті ангиографтың болуы өздігінен емнің барлық түрі бірден қолжетімді болады деген сөз емес. Қондырғыларды орнату, медициналық мамандарды даярлау және тиісті технологияны клиникалық тәжірибеге енгізу қатар жүруге тиіс.

– Хирургиялық қызмет ауқымы кеңейген сайын операциялық бөлмелердің жарақтандырылуына, пациенттерді орналастыруға және жұмыс үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талап та күшейеді. Сондықтан, орталықтың кешенді жаңғырту жоспарына жаңа рентген-операциялық блок салу және тағы үш ангиограф сатып алу енгізілді. Бөлек жапсарлас құрылысты бастау 2027 жылға жоспарланған. Жоба аяқталғанда операциялық алаң ұлғайып, жаңа технологияларды қолдануға жағдай жасалмақ, – деді орталық директоры Ержан Нұрлыбаев.

Басшының түсіндіруінше, жаңғырту жаңа блокпен шектелмейді. Жоспарда ғимараттың жекелеген бөліктерін қайта құру және күрделі жөндеу, төсек-орын қорын 200 орынға жеткізу, реанимация мен қарқынды терапия бөлімшелерін кеңейту бар. Ультрадыбыстық диагностикаға арналған заманауи бөлімше де ашылмақ. Ең басты меже – орталықтың жыл сайын қызмет көрсететін пациенттер санын бес мыңнан сегіз мыңға жеткізу. Бұл қазіргі көрсеткіштен 60 пайызға артық. Әзірге бұлар – жүзеге асырылуға тиіс міндеттер, орындалған жұмыс туралы есеп емес.

Осы ретте реанимациялық бөлімшелердің рөлі де бөлек. Науқас күрделі операциядан шыққан бойда оның жүрек соғысы, қан қысымы, тыныс алуы және өзге маңызды көрсеткіштері үздіксіз бақыланады. Жүрек-қантамыр жүйесіне ота жасағаннан кейін туындауы мүмкін асқынуларды дер кезінде анықтау үшін мамандардың үйлесімді жұмысы қажет. Демек, орталықтың қабылдау мүмкіндігін арттыру операция санын көбейту ғана емес, операциядан кейінгі көмектің сапасын сақтау міндетімен қатар қарастырылуы керек.

## Тәжірибемен толысқан әлеует

Жаңа құрылыс не үшін қажет екенін соңғы айларда жасалған күрделі операциялар да аңғартады. Қыркүйекте №2 қалалық көпбейінді ауруханада аз инвазивті коронарлық шунттау әдісімен алғашқы төрт операция өткізілді. Қарағандылық дәрігерлерге Президент Іс басқармасының Медициналық орталығы ауруханасының кардиохирургтері көмектесті. Жаңа тәсілде кеуде қуысы толық ашылмай, қабырға арасынан шағын тілік жасалады. Операция жүрек соғысын тоқтатпай орындалады.

Бұл әдіс хирургиялық жарақатты азайтып, науқастың оңалуын жеделдетуге бағытталған. Дегенмен, әрбір пациенттің жағдайы әртүрлі, сондықтан, сауығу мерзімі де бірдей болмайды. Астанада даярлықтан өткен жергілікті дәрігерлер тәжірибелі әріптестерімен бірге жұмысын жалғастырып, әдісті өздігінен орындауға машықтануда. Қазанның соңында облыстық кардиоорталықта тағы бір шеберлік сабағы өтті. Павлодардан келген кардиохирург Әділжан Әлбазаровтың қатысуымен жаңа буындағы биологиялық қақпақша протездері қолданылып, екі күнде үш күрделі операция жасалды.

## Емге қолжетімділік – басты өлшем

Кардиоорталықты жаңғырту мәселесі биыл маусымда облыстық мәслихат депутаттарының мекемеге баруы кезінде де қаралған. Сол кездесуде Ержан Нұрлыбаев 2028 жылға дейінгі даму бағдарламасын таныстырды. Оның аясында корпусқа күрделі жөндеу жүргізу, рентген-операциялық блок салу, жабдықты жаңарту және госпитальдық фармация жүйесін құру ұсынылған. Депутаттармен кездесу барысында соңғы екі жылда қан айналым жүйесі ауруларынан өлім-жітім төмендегенімен, сырқаттанушылықтың өсу үрдісі сақталып отырғаны айтылған. Сонымен бірге, кей пациенттердің күрделі ем үшін Астана мен Алматыға баруға мәжбүр болуы да көтерілді.

Бүгінде сол бағдарламаның бір бағыты нақты іске асқан. Облыс әкіміне жаңадан ұйымдастырылған госпитальдық фармация бөлімшесінің жұмысы көрсетілді. Мұнда дәрігер тағайындауларына сәйкес дәрілік жиынтықтар орталықтандырылып дайындалады. Бұрын бұл міндетті емдеу бөлімшелеріндегі мейіргерлер өздері атқарған. Жаңа тәртіп дәрі-дәрмек дайындау ісін жүйелеп, қызметкерлердің уақытын үнемдеуге және науқас күтіміне көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

Жоғары технологиялық көмекке қолжетімділік мәселесінің республикалық ауқымы да кең. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, былтыр елімізде ашық жүрекке 13 106 операция жасалған. Бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 7,2 пайызға көп. Соңғы бес жыл ішінде қан айналым жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім республика бойынша 35,1 пайызға төмендеген.

Науқастың тағдыры хирургиялық бөлімнің табалдырығынан ғана шешілмейді. Қан қысымын бақылау, аурудың алғашқы белгілерін дер кезінде тану, емханадағы тексерулерден өту және тағайындалған дәрілерді үзбей қабылдау жүрек-қан тамыр ауруларының асқынуын болдырмауда маңызды. Егер бастапқы медициналық буын мен кардиоорталық арасында байланыс әлсіз болса, ең жаңа жабдықтың өзі кеш анықталған дерттің зардабын толық жоя алмайды. Сондықтан, инфрақұрылымды жаңарту профилактика, диагностика және оңалту қызметтерімен қатар жүруге тиіс.

Бұған қатысты тағы бір бағыт – алғашқы медициналық көмек ұйымдарын, аудандық ауруханаларды, телемедицинаны және облыстық мамандарды байланыстыру. Маусымдағы талқылауда «Бірыңғай цифрлық госпиталь» қағидатына негізделген жоба ұсынылған еді. Жоспардың мәні – аудан дәрігері күрделі жағдайды ертерек анықтап, пациентті тиісті орталыққа кешіктірмей жолдай алатын жүйе қалыптастыру. Аумағы кең Қарағанды облысы үшін бұл әсіресе өзекті.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ұсынылған жаңғырту жоспарын кезең-кезеңімен жүзеге асыру қажеттігіне назар аударды. Жобаның бағыты Мемлекет басшысы Жолдауында көтерген әлеуметтік және азаматтық инфрақұрылымды дамыту міндеттерімен де сабақтас. Дегенмен, жоспардың шынайы бағасы жаңа аппараттардың санымен ғана өлшенбейді. Құрылыс аяқталып, жаңа қызмет түрлері тұрақты жолға қойылғанда, тексеру мен операцияны күту уақыты азайып, басқа қалаларға жолданатын науқастар саны қысқарса, бұл өзгерістің игілігін тұрғындар сезінеді. Жүрек дертіне шалдыққан адам үшін ең бастысы да – өз өңірінде дер кезінде көрсетілген сапалы медициналық көмек.

*Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан*

• ҚҰРМЕТ

# Ғылымға ғұмырын арнаған

**Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, химия ғылымдарының докторы, профессор Арстан Мәуленұлы Ғазалиевтің 75 жылдық мерейтойына арналған салтанатты шара өтті. Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде ұйымдастырылған жиында көрнекті ғалымның ғылым мен жоғары білім саласындағы еңбегі, ғылыми кадрлар даярлауға қосқан үлесі мен өнегелі өмір жолы кеңінен дәріптелді.**



**Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты жиында Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың құттықтау хатын облыс әкімінің орынбасары Руслан Кенжебеков жеткізді. «Өмірдің мәні жасалған жастың ұзақтығымен емес, артында қалған өнегемен, өлшеусіз іспен парасталады. Осы тұрғыдан алғанда, сіздің өміріңіз білім мен ғылымға арналған, тұтас ұлттың ертеңіне жасалған қалтқысыз қызметтің жарқын шежіресі. Сіз Арқаның төсінде түп-тамыры тереңге жайылған қазақ ғылымының көкжиегін кеңейтіп, отандық химияның өркендеуіне үлес қосқан шоқтығы биік тұлғалардың бірісіз. Ғылым жолындағы еңбектеріңіз – уақыт тоздырмайтын мұра. Мыңға жуық іргелі ғылыми және оқу-әдістемелік еңбегіңіз – соның айғағы. Сіз тек ғылымның шыңына шығып қана қойған жоқсыз, өзгені де сол биікке жетелейтін алтын көпір қаладыңыз», – делінген құттықтау хатта.

Жиынға қатысқан Қазақстанның тұңғыш Сыртқы істер министрі, профессор, ғылым докторы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлеутай Сүлеймен академикпен көп жылдан бері араласып, достық қарым-қатынаста екенін атап өтті.

– Арстан Мәуленұлы – жоғары және орта білім беру саласын дамытуға зор үлес қосқан, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары азамат. Ол Қарағандыдағы университетте сегіз жылдан астам ректор қызметін атқарды. Бұған дейін Өскеменде де жауапты қызметтерде болды. Химия ғылымдарының докторы ретінде республикада ғана емес, шетелде де танылған жаңалықтар ашты. Санкт-Петербург, Мәскеу, Пенза қалаларындағы және Еуропадағы бірқатар жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс орнатқан. Кейбір университеттердің құрметті докторы атанған. Ең бастысы, ол – кәсіби білігімен қатар, адамгершілік қасиеті жоғары, елін сүйетін азамат. Осындай тұлғамен ұзақ жылдар бойы дос болып келе жатқанымды мақтан тұтамын. 75 жылдық мерейтойымен құттықтап, ең алдымен зор денсаулық тілеймін, – деді Төлеутай Сүлеймен.

Мерейтойға орай «ҚР ҰҒА академигі А.Ғазалиевтің өмір жолы: туғанына 75 жыл толуына орай» атты кітап жарық көрді. Басылымда академиктің ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметі, еліміздегі ғылым мен жоғары білімнің дамуына қосқан үлесі туралы материалдар топтастырылған.

Ғалымның мерейтойына арналған шаралар легі халықаралық ғылыми-практикалық конференциямен жалғасты. «Ғылым, білім және инновациялық технологиялар: дәстүрлер мен даму перспективалары» тақырыбындағы конференцияда органикалық синтездің заманауи технологиялары, химиялық технология мен инновациялық материалдар, биотехнология және экологиялық қауіпсіз өндірістердің даму бағыттары талқыланды.

*Сурет автордан*

# Ашық диалог алаңы

**Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Нұра ауданы тұрғындарымен кездесіп, инфрақұрылымды дамыту, жолдарды жөндеу, ауыз судың сапасы, жылумен қамту және елдімекендерді абаттандыру мәселелері бойынша ашық пікір алмасты.**

**Ермек БАЛТАШҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»



Тікелей диалогқа облыстық басқармалар мен аудандық бөлімдердің басшылары да қатысып, ауыл тұрғындарының сауалдарына жауап берді. Өңір басшысы Бақытжан Мұқанов ауданда инфрақұрылымды дамыту, кәсіпкерлік пен ауыл шаруашылығын қолдау бағытындағы жұмыстар жалғасып жатқанын атап өтті. Сондай-ақ, бұған дейінгі кездесулерде тұрғындар көтерген мәселелерді шешуге басымдық беріліп отырғанын жеткізді. Есепті кезеңде ауданда 10 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Осы орайда облыс әкімі құрылыс сапасына, әсіресе халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған тұрғын үйлердің сұранысқа сай болуына айрықша назар аудару қажеттігін атап өтті.

– Мұқтаж жандарға үй салып беру ғана жеткіліксіз. Құрылыстың сапасы жұмыстың алғашқы кезеңінен бастап, нысан пайдалануға берілгенге дейін қатаң бақылауда болуы керек. Тұрғын үйдің сапасы жоғары деңгейде болуы тиіс, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Өңірде тұрғындарды ауыз сумен жабдықтау мәселесін шешу жұмыстары да жалғасуда. Өткен жылы ауданға қарасты 37 ауылдың барлығы орталықтандырылған ауыз сумен қамтамасыз етілді. Бұл бағыттағы жұмыстар биыл да тоқтаған жоқ. Талдысай ауылында су құбыры желілері жөнделіп, тозған құбырлар ауыстырылды. Балықтыкөл ауылында пайдалану ұңғымасы жаңадан бұрғыланды. Малайқұдық ауылында суды тазартуға арналған кешенді блок-модуль орнатылып жатыр. Оған дейін құбыр тартылған, қазір мамандар жабдықтарды құрастырып, монтаждау жұмыстарын жүргізуде. Атқарылған осы жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы аудан әкімі Бақытжан Мұқанов баяндады. Ауданда инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жалғасып келеді. Ахмет ауылында кірпіш зауыттарының құрылысы жүргізілуде. Жобалар аясында 110 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Ауыл шаруашылығы саласы да қарқынды даму үстінде. Қазіргі уақытта ауданда жеті инвестициялық жоба іске асырылуда. Оның үшеуі – мал шаруашылығына, төртеуі өсімдік шаруашылығына қатысты.

Кездесуде елдімекендерді жылумен қамту мәселесі де көтерілді. Өткен жылы Нұра кентінде екі модульдік қазандық салынып, оларға 10 көпқабатты тұрғын үй қосылған. Алайда, кітапхана, Мәдениет үйі және екі мектеп жылуды әлі де жеке қазандықтардан алады. Осыған байланысты аудан орталығындағы тұрғындардың бірі әлеуметтік нысандарды ортақ қазандыққа қосуды ұсынды: – Барлық әлеуметтік нысанға ортақ қазандық салуға бола ма? Бұл мәселе шешілсе, кенттегі экологиялық жағдайды жақсартуға септігін тигізер еді, – деді ол.

Облыс басшысы Ермағанбет Бөлекпаев бұл ұсынысты Молодёжный кентінің тәжірибесін ескере отырып, жан-жақты зерделеуді тапсырды. Аудан әкімі келесі жылы орталық қазандық салу үшін инвесторлар тарту жоспарланып отырғанын хабарлады. Оған Мәдениет үйі, кітапхана, екі мектеп және Өнер үйін қоса алғанда, бірнеше мемлекеттік нысанды қосу көзделген.

Аймақ жетекшісі көтерілген барлық мәселе бойынша тиісті іс-шаралар жоспарын әзірлеп, оның орындалуын бақылауға алуды тапсырды.

Кездесуден кейін облыс әкімі азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

*Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан*

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМЫТУ



# Болашақтың бағдары

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ 2026 ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты Жолдауын жариялады. Бұл Жолдау тәуелсіздіктің 35 жылдығы аталып өтетін, жаңа Конституция күшіне енген және бір палаталы Құрылтай мінберінен алғаш рет үн қатылған кезеңде жарияланып отыр. Осы маңызды оқиғаға Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі ретінде қатысқан және қоғамдық үдерістерді зерттеуші маман ретінде құжатқа қатысты өз пайымымды бөліскім келеді.**



Реформалардың негізі – бірлік. Жолдаудың басты идеясы қарапайым әрі іргелі: бірлік пен келісім болмаса, реформалар да, ілгерілеу де болмайды. Президент жаһандық сын-қатерлер күшейген жағдайда қоғамнан талапшылдық пен тәртіп қажет екенін атап өтті. Әлеуметтану ғылымы кез келген институттың тұрақтылығы сенім мен ортақ нормаларды құрметтеуге негізделетінін әлдеқашан дәлелдеген. «Адал азамат» идеологиясына негізделген жаңа этиканы қалыптастыру жөніндегі үндеу жай ұран емес, мемлекеттің тиімді жұмыс істеуінің маңызды шарты. Заңды құрметтейтін, адал еңбек ететін азамат – егемендігіміздің тірегі.

Үлестіруден жасампаздыққа көшу. Әсіресе, патернализмді сынау назар аудартады. Президент елде мектептер мен ауруханалар жетіспей тұрған кезде басқарудағы олқылықтарды, тіпті, жағдайы жақсы отбасыларға да жомарт төлемдер тағайындау арқылы бүркемелеуге болмайтынын ашық айтты. 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 85 мың теңгеден 110 мың теңгеге дейін өсіп, бұл өзгеріс шамамен 1,8 миллион жұмыскерді қамтиды. Өңірлерде сегіз перинаталдық орталық пен жеті көпбейінді балалар ауруханасын, ал елордада екі мамандандырылған нысан салу жоспарланған. Шамамен 7 миллион бала өсіп келе жатқан ел үшін бұл – алдағы ондаған жылға арналған адами капиталға салынған инвестиция. Мүмкіндіктер экономикасы. Экономист ретінде мені «халықтық цифрлық экономика» туралы бөлім ерекше қызықтырады. Оның негізгі идеясы – смартфонды жұмыс орнына айналдырып, табыс табу мүмкіндігін адамның тіркелген мекенжайына тәуелді етпеу. Осы мақсатта цифрлық жұмыспен қамтудың жеңілдетілген режимін енгізу, ауыл шаруашылығы өндірушілерін маркетплейстермен және банктермен байланыстыратын өңірлік пилоттық жобаларды іске қосу, сондай-ақ, активтерді тотенизациялау көзделіп отыр.

Кәсіпкерлерге көрсетілетін қолдау да маңызды. Президент жеке кәсіпкерлер арасында заңбұзушылықтар саны 34 пайызға азайғанымен, айыппұл көлемі 11 пайызға өскенін атап өтті. Осыған байланысты 2027 жылдан бастап микро және шағын бизнеске қатысты тексерулерге үш жылдық мораторий енгізу мәселесін талқылауды ұсынды. Келесі жылдың соңына дейін қабылдануы тиіс жаңа Азаматтық кодекстің ауқымды жобасы цифрлық платформалар мен жасанды интеллект дәуірінде бизнес үшін құқықтық айқындықты қамтамасыз етуге тиіс.

«2027 жылды Халықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялау туралы ұсыныс маңызды ұстанымды көрсетеді. Жасанды интеллект дәуірінің сын-қатерлеріне жауап ретінде жолдар, энергетикалық нысандар, су жүйелері, мектептер мен ауруханалар салынуы керек. Бұл ретте Президенттің екі ескертуі ерекше маңызды. Біріншіден, сенімді отандық мердігерлерді тарту қажет. Екіншіден, тек бюджетке сүйенбей, ұзақ мерзімді жеке қаржыландыру көздерін де жұмылдыру керек.

Дегенмен, экономист ретінде басты тәуекелдердің бірі – инфляция екенін атап өткім келеді. Президент оны азаматтардың табысына әсер ететін «үнсіз жау» деп атады. Үкімет пен Ұлттық банктің үйлесімді саясаты болмаса, жалақының өсуі бағаның қымбаттауы салдарынан ішінара құнсыздануы мүмкін.

Азаматтық қоғамның рөлі. Алдағы жылы еліміздің даму басымдықтарына қатысты ұзақ мерзімді пайым қалыптастырылып, 2027 жылғы 1 маусымға дейін мемлекеттік басқару реформасының жоспары ұсынылуы тиіс. Менің ойымша, мұндай құжаттарды тек кабинеттерде отырып әзірлеуге болмайды. Билік, сарапшылар мен азаматтық қоғам арасындағы диалог алаңы саналатын Халық Кеңесі әртүрлі өңірлердің, кәсіптердің және этностық топтардың өкілдері өз пікірін білдіріп, ұсыныстар талқыланатын ортаға айналуы керек.

Жолдау нақты бағыт-бағдар береді: қуып жетуге ұмтылатын дамудың орнына стратегиялық ілгерілеу, жұмысты көзбояушылықпен алмастырудың орнына тәртіп, декларациялардың орнына нақты құрылыс пен жасампаздық қажет. Нәтижеге жауапкершілік шенеуніктен бастап қарапайым азаматқа дейін баршаның мойнында. Біздің қаншалықты жүйелі әрі дәйекті әрекет ететініміз келесі ұрпаққа қандай ел қалдыратынымызды айқындайды.

**Виталий ХМЕЛЕВСКИЙ,**
**Қазақстан Халық Кеңесінің мүшесі, әлеуметтанушы, экономист**

# Ең жоғары құндылық

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ 2026 ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ

**Мемлекеттің қуаты экономикалық әлеуетімен ғана емес, ең алдымен, азаматтарының денсаулығы мен өмір сапасы арқылы өлшенеді. Өйткені, дені сау ұлт қана елдің ертеңіне берік негіз қалап, қоғамның өркендеуіне елеулі үлес қоса алады. Осы тұрғыдан алғанда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында денсаулық сақтау саласының дамуына қатысты айтылған мәселелердің маңызы айрықша.**

Бүгінде медицина бұрынғыдай дертті емдеумен ғана шектелмейді. Аурудың алдын алу, оны ерте анықтау, емдеу үдерісін тиімді ұйымдастыру және әрбір азаматтың сапалы медициналық көмекке қол жеткізуі – саланың басты міндеттері. Қазіргі науқас үшін білікті дәрігердің көмегімен қатар, уақытылы қойылған диагноз бен емнің нәтижелілігі де маңызды. Сондықтан, медицинаның тиімділігін көрсетілген қызметтің санымен емес, ең алдымен, адам денсаулығына тигізген нақты пайдасымен бағалауымыз қажет.

Біздің медициналық ұйымда дәрігердің кәсібилігі, қызмет көрсетудің қолжетімділігі, медициналық ұжымның жауапкершілігі – бәрі де бір-бірімен тығыз байланысты. Ең бастысы, пациенттің дәрігерге деген сенімі болуы керек. Ал, сол сенім сапалы қызмет пен шынайы жанашырлық арқылы қалыптасады.

Заман талабына сай денсаулық сақтау жүйесін цифрландыру мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалану да айрықша мәнге ие. Жаңа технологиялар ауруларды ерте анықтауға, медициналық деректерді жүйелеуге, дәрігерлердің уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Дегенмен, цифрландыруды түпкі мақсат деп қарастыруға болмайды. Ол – адамның игілігіне қызмет ететін құрал. Жасанды интеллект дәрігердің кәсіби пайымын алмастырмай, керісінше, оның жұмысын жеңілдетіп, қағазбастылықты азайтуға және науқасқа көбірек көңіл бөлуіне жағдай жасауы тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе – қала мен ауыл арасындағы медициналық қызметтің қолжетімділігі. Адамның қай жерде тұратыны оның сапалы ем алу мүмкіндігін шектемеуге тиіс. Шалғай елдімекендердегі тұрғындарға да дер кезінде медициналық көмек көрсетіліп, қажетті мамандар мен диагностикалық қызметтер қолжетімді болуы қажет.

Әрине, қандай заманауи қондырғы орнатылып, қаншалықты озық технология енгізілсе де, оның игілігін көрсететін – білікті маман. Сондықтан, дәрігерлер мен орта буын медицина қызметкерлерінің мәртебесін арттыру, еңбек жағдайын жақсарту, жас мамандарды қолдау мәселелері үнемі назарда болуы керек. Болашақ дәрігерлерге дәріс беріп жүрген оқытушы ретінде кәсіби білім мен адамгершілік қасиеттің қатар қалыптасуын аса маңызды санаймын. Медицинаға тек білімді маман емес, адам тағдырына бейжай қарамайтын, өз ісіне адал азамат қажет.

Шын мәнінде, дәрігердің алдындағы ең үлкен жауапкершілік – адам өмірі. Оның күнделікті еңбегінің өлшемі де осы қасиетті ұғыммен сабақтас. Сондықтан, саланы жаңғыртуға бағытталған әрбір бастама қарапайым азаматтың денсаулығын жақсартуға, өмір сапасын арттыруға қызмет етуі тиіс.

Мен үшін Жолдаудың басты мәні – белгіленген міндеттерді нақты іспен ұштастыру. Мемлекеттік деңгейдегі өзгерістердің нәтижесі әрбір медициналық ұйымның жұмысынан, әрбір маманның кәсіби жауапкершілігінен көрінуі қажет. Өйткені, адам денсаулығы – ең қымбат құндылық. Ал, оны сақтау мен қорғау – біздің кәсіби міндетіміз ғана емес, азаматтық парызымыз.

**Аманжол ӘБДІРАХМАНОВ,**
**«Archimedes Medical Group» ЖШС клиникалар желісінің Қарағанды филиалының бас дәрігері**

# Сапа мен сабақтастық

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ

**Елдің еңсесін көтерген еңбектің, тұрмысын түзеген табыстың баянды болуы адам саулығына байланысты екені хақ. Кеншілер өлкесінде бұл ұғымның салмағы айрықша. Шахтадағы кеншінің, ауылда мал баққан ағайынның, дүние есігін жаңа ашқан сәбидің денсаулығы әртүрлі көмекті қажет еткенімен, бәрінің тілеуі – ортақ. Ол әлбетте – дерті дер кезінде анықталып, тиісті емін уақытында алу. Денсаулық сақтау жүйесінің даму бағытын да осы қарапайым қажеттілікпен өлшеген жөн. Биыл 1 шілдеде күшіне енген жаңа Конституция азаматтардың денсаулығын сақтау құқығын бекітіп, адам капиталын, білімді, ғылымды және инновацияны дамытуға стратегиялық мән береді. Бұл қағидаларды Қарағанды өңіріндегі медициналық жаңғырумен сабақтастырғанда, саланың басты мұраты айқындала түседі. Емдеу мекемесінің мүмкіндігі кеңейген сайын тұрғындардың сапалы көмекке жетер жолы да жеңілдеуге тиіс.**



**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**
«Ortalyq Qazaqstan»

## Ауылға жеткен емнің игілігі

Денсаулық сақтау құқығының күнделікті өмірдегі мәні дәрігерге жете алудан басталады. Қала тұрғыны үшін жақын маңдағы емханаға бару қалыпты шаруа болса, шалғайдағы ағайынға жолдың ұзақтығы мен көлік мәселесі қосымша салмақ салады. Сондықтан, ауыл медицинасын нығайтуға жұмсалған қаражаттың қайтарымы тұрғынның уақытын, күшін және қаражатын қаншалықты үнемдегенінен де көрінсе керек.

Облыс әкімдігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, өңірдің ауылдық елдімекендерінде 92 жаңа медициналық нысан пайдалануға берілген. Оның 51-і Арнаулы мемлекеттік қордың қаражаты есебінен салынған. Бұқар жырау ауданындағы Гагарин ауылының жаңа дәрігерлік амбулаториясы – осы өзгерістің нақты мысалы. Мекеме бір жарым мыңнан астам тұрғынға, соның ішінде 400-ден астам балаға қызмет көрсетеді. Мұнда консультациялық-диагностикалық көмектен бөлек, күндізгі стационар, физиотерапия және инсульт пен күрделі операциялардан кейінгі оңалту қызметтері қарастырылған.

Осындай мүмкіндік ауылдағы емнің аясын кеңейтеді. Науқастың жағдайын бақылау, емін жалғастыру, оңалуына көмектесу өзара сабақтасқан кезде алғашқы медициналық көмектің тиімділігі артады. Мәселен, операциядан кейінгі адамның емшара үшін қайта-қайта қалаға қатынауы отбасының тұрмысына да әсер етеді. Қажетті қызмет ауылда көрсетілсе, оның күтіміне атсалысқан жақындарының да жүгі жеңілдейді. Жаңа ғимараттың игілігі тұрақты қабылдаумен, қажетті дәрі-дәрмекпен және жұмыс істейтін жабдықпен толығады. Сондықтан, нысанның ашылуымен бірге оның күнделікті қызметін бағалау маңызды. Ауыл тұрғыны дәрігерді қанша күтеді, зерттеу қорытындысын қашан алады, қажет жағдайда келесі деңгейдегі көмекке қалай жіберіледі? Жаңғырудың нақты нәтижесін осы сауалдардың жауабы ашады.

## Құқықтың өтеуі – қолжетімді көмек

Жаңа Конституцияның 32-бабы азаматтардың денсаулығын сақтауға және заңда белгіленген медициналық көмекті ақы төлемей алуға құқығын бекітеді. Ақылы медициналық көмектің негіздері мен тәртібі де заңмен айқындалады. Осы кепілдіктің орындалуы медициналық қызметті қаржыландыру тетіктерінің тұрғындарға қаншалықты түсінікті әрі қолжетімді болғанына байланысты.

Бұл тұрғыдан міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің өңірдегі жұмысына назар аударған жөн. Облыс әкімдігінің баспасөз қызметі жариялаған бірінші тоқсан қорытындысында МӘМС-пен қамту деңгейі 88,7 пайызға жеткені көрсетілген. Өңірлік штабта азаматтарды жүйеге тартумен қатар, жұмыс берушілердің берешегі мен медициналық қызмет көрсетудің заңдылығы да қаралған. Қамту деңгейінің өсуі жүйенің мүмкіндігін кеңейтеді. Алайда, сақтандыру мәртебесіне ие адамның қажетті зерттеуге уақытында жазылуы, бейінді маманға жетуі және емін үзбей жалғастыруы да назарда тұруға тиіс. Мәртебе мен нақты қызметтің арасы алшақтаса, тұрғынның жүйеге сенімі әлсірейді.

Мәселен, емханаға келген азаматқа қандай көмекті сол жерде алатыны, қай қызметке жолдама керектігі, кезегінің қалай белгіленетіні түсінікті болуы шарт. Әр кабинеттің есігін қағып, бір мәліметті бірнеше рет анықтауға мәжбүр болған науқас үшін рәсімнің күрделілігі де емге жетудің кедергісіне айналады. Қаржыландырудың тиімділігі қызмет алу жолының анықтығымен ұштасқанда ғана тұрғынға пайдасы толық тиеді.

## Қашықтықты қысқартқан мүмкіндік

Қарағанды облысының аумағы кең болғандықтан, бейінді маманның көмегін ауылға жеткізуде технологияның орны бөлек. Телемедицина осы қажеттіліктен туындаған байланысты күшейтіп келеді. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, былтырдан бері өңірдегі 117 ауылдық медициналық ұйымда телемедициналық технологияларды енгізу бойынша пилоттық жоба жүргізілуде. Мысалы, жоғарыда аталған Гагарин амбулаториясында облыстық онкологиялық орталық маманының қатысуымен пациентке қашықтан кеңес беру үдерісі көрсетілген.

Облыстық клиникалық ауруханадағы телемедицина орталығында Шет ауданының тұрғынын эндокринологтың онлайн қабылдауы да – осы тетіктің іс жүзіндегі мысалы. Мұндай байланыс ауылдағы медициналық қызметкерге пациенттің жағдайын бейінді маманмен бірге талқылауға мүмкіндік береді.

Дегенмен, қашықтан берілетін кеңестің нәтижесі интернеттің тұрақтылығына, зерттеу деректерінің сапасына және жергілікті маманның дайындығына тәуелді. Онлайн қабылдаудан кейін берілген ұсыным орындалып, қосымша тексеру қажет болса, пациент соған уақытында жіберілуі керек. Технологияның тиімділігі байланыс орнатумен бірге осы сабақтастықтан танылады.

## Білікті маман, бірегей мүмкіндік

Медициналық жабдықтың мүмкіндігін адам білігі ашады. Жаңа Конституцияның 3-бабының 2-тармағында адам капиталын, білімді, ғылымды және инновацияны дамыту стратегиялық бағыт ретінде танылғанын ілгеріде атап өттік. Денсаулық сақтау саласында бұл басымдық дәрігер даярлаудан, тәжірибе алмасудан және игерілген білімнің науқасқа пайдасын тигізуінен көрінеді.

Өңірдегі балалар кардиохирургиясының тәжірибесі осы байланысты айқын айшықтайды. Облыстың денсаулық сақтау басқармасының мамандарының мәліметінше, Қарағандыда туа біткен ауыр жүрек ақауы бар 19 күндік нәрестеге күрделі ота жасалған. Облыстық көпбейінді кардиологиялық орталық мамандары UMC Жүрек орталығының дәрігерлерімен бірлесіп жұмыс істеген. Хирургиялық бөлігін Ғанибек Ақжанов пен Дмитрий Горбунов орындаған. Ол туралы газетіміздің ілгерідегі сандарында (№111, 8 қазан, 2026жыл) жаздық.

Конституцияның 30-бабында ана, әке мен бала мемлекет қорғауында екені бекітілген. Медицинадағы осы қамқорлықтың нақты мазмұнын сәбиге дер кезінде көрсетілген көмек ашады. Бір нәрестенің өмірі үшін атқарылған жұмыста дәрігердің кәсіби жауапкершілігі де, денсаулық сақтау жүйесінің дайындығы да тоғысады.

Денсаулық сақтау жүйесінің ұзақ мерзімді дамуы маман даярлау мен емдеу тәжірибесінің байланысын күшейтуді қажет етеді. Қарағандыдағы 300 орындық көпсалалы университеттік аурухана жобасының маңызы да осы тұрғыдан ашылады. Алдағы нысанның нәтижесін бағамдағанда, төсек санымен бірге оның қандай медициналық және оқу міндеттерін атқаратынына мән берген жөн. Студенттің тәжірибелі дәрігерден үйренуі, жас маманның клиникалық машығын жетілдіруі, ғылыми ізденістің емдеу жұмысына ұласуы өңір медицинасының әлеуетін арттырады.

Бұл байланыс ауылдағы алғашқы қабылдаудан облыстық орталықтағы күрделі емге дейін жалғасуы керек. Әр мекеме өз міндетін уақытылы орындап, пациент жөніндегі қажетті ақпарат келесі маманға дұрыс жеткенде, науқастың ем алу жолы да реттеледі. Саланың тұтастығы осындай күнделікті үйлесімнен қалыптасады.

Бір сөзбен айтқанда, Жаңа Конституциядағы кепілдіктер денсаулық сақтау ісін адам мүддесімен бағалауға негіз береді. Ауылдағы жаңа амбулаторияның, сақтандыру жүйесінің, қашықтан берілетін кеңестің және күрделі медициналық көмектің қайтарымы тұрғынның өмірінен көрінуге тиіс. Дерт ертерек анықталып, ем уақытында басталып, адам қалыпты тіршілігіне оралғанда, жаңғырудың мәні де айқындалады. Ел саулығын нығайтқан әрбір жүйелі қадам елдің ертеңіне қызмет етеді.

Суретті түсірген
**Жанғелді ӘБДІҒАЛЫМ**

# Интернеттен инновацияға дейін

**Цифрлық технологиялар бүгінде қоғам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Бұрын бірнеше сағатты қажет ететін мемлекеттік қызметті қазір смартфон арқылы санаулы минутта алуға болады. Ақпарат іздеу, төлем жасау, дәрігерге жазылу, білім алу секілді күнделікті әрекеттердің басым бөлігі электронды форматқа көшті. Бұл – соңғы жылдары елімізде жүзеге асырылып жатқан цифрлық трансформацияның нақты нәтижесі. Қазақстан да жекелеген онлайн қызметтерді енгізу кезеңінен өтіп, ауқымды цифрлық жаңғыру бағытына бет бұрды. Осы өзгерістер Қарағанды облысын да айналып өткен жоқ.**

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ 2026 AI




Сурет ЖИ

**Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру – осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі. 2019 жылы ең сұранысқа ие 60 мемлекеттік қызмет қана электронды форматқа көшірілсе, бүгінде олардың 90 пайыздан астамы онлайн қолжетімді. Ал, қызметтердің 96 пайызы смартфон арқылы көрсетіледі. eGov Mobile қосымшасы іске қосылғалы бері 111 миллионнан астам қызмет ұсынылған. Бұл көрсеткіш халықтың цифрлық сервистерді күнделікті өмірде кеңінен пайдалана бастағанын аңғартады.

Қарағанды облысы мемлекеттік қызмет көрсету сапасы бойынша да жоғары көрсеткішке қол жеткізіп келеді. Өңірлік цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Константин Ильницкий халықтың мемлекеттік қызмет сапасына қанағаттану деңгейі бойынша облыс үшінші жыл қатарынан көш бастап тұрғандығын баса айтты.

– Мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі қазір электронды форматта қолжетімді. Автоматтандырылмаған қызметтер өте аз қалды. Сонымен қатар, ай сайын жасырын қызметтерді анықтап отырамыз. Бұлар бұрын мемлекеттік қызметтер қатарына жатпағанымен, азаматтарға көрсетіліп келген функциялар. Қазір оларды мемлекеттік қызмет форматына енгізіп, кейін автоматтандыру бағытында жұмыс істеп жатырмыз, – дейді басқарма басшысы.

Мұндай өзгерістердің басты мақсаты – мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы байланысты жеңілдету. Қызмет алу үшін мекемеге бару, кезекте тұру немесе қағаз құжат жинау қажеттілігі біртіндеп азайып келеді. Дегенмен, цифрлық қызметтердің қолжетімді болуы үшін интернет сапасы мен цифрлық сауаттылық деңгейін қатар дамыту маңызды.

Цифрлық трансформация тек мемлекеттік қызметтермен шектелмейді. Қалалық инфрақұрылымды басқару, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, көлік қозғалысын реттеу және коммуналдық жүйелердің жұмысын оңтайландыру да заманауи технологиялардың көмегімен жүзеге асырылып жатыр. Осы мақсатта елімізде «Ақылды қала» тұжырымдамасы әзірленген. Қарағанды облысында аталған бағыт бойынша 10 салаға бөлінген 50 цифрлық жоба іске асырылуда. Олардың қатарында денсаулық сақтау, білім беру, экология, әлеуметтік қорғау, құрылыс, көлік, мәдениет, өнеркәсіп, туризм және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салалары бар. Бұл жобалар қалалық қызметтердің тиімділігін арттыруға, ресурстарды ұтымды пайдалануға және тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын жақсартуға бағытталған. Мәселен, автотұрақ орындарын басқару, бағдаршам нысандарының жұмысын үйлестіру және байланыс сапасын бақылау жүйелері өңірдегі цифрлық шешімдердің бірқатарына жатады.

– Қазір біз цифрлық жобалар бойынша ғана емес, экономикалық даму тұрғысынан да бәсекелесіп отырмыз. Астана, Алматы және Шымкент қаласының экономикалық құрылымы біздің өңірден айтарлықтай ерекшеленеді. Соған қарамастан, Қарағандыда бірқатар бірегей жоба жүзеге асырылып жатыр. Олардың қатарында автотұрақ орындарын, бағдаршам нысандарын басқару және байланыс сапасын бақылау жүйелері бар. Қазір осы тәжірибені басқа өңірлерге де енгізуге күш салып жатырмыз, – дейді Константин Ильницкий.

Мұндай бастамалардың маңызы – қаланың тыныс-тіршілігін деректер негізінде басқаруға мүмкіндік беруінде. Мысалы, көлік қозғалысын реттеу жүйелері жолдағы жағдайды тиімді үйлестіруге, ал, байланыс сапасын бақылау тетіктері интернет инфрақұрылымындағы мәселелерді дер кезінде анықтауға көмектеседі. Цифрлық технологиялар қала тұрғындары күн сайын кездесетін мәселелерді шешудің бір құралына айналып келеді.

Цифрлық мүмкіндіктердің баршаға бірдей қолжетімді болуы үшін ең алдымен сапалы интернет қажет. Әсіресе, шалғай елдімекендер үшін бұл – білім алу, медициналық кеңеске жүгіну, мемлекеттік қызметтерді пайдалану және кәсіпкерлікті дамытудағы маңызды шарт. Облыста 342 ауылдық елдімекен болса, соның 269-ында интернетке қолжетімділік қамтамасыз етілген. Оның ішінде, 253 ауыл мобильді интернетпен қамтылған. Бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасып жатыр. Облыс орталығында 5G желісін кеңейту шаралары қолға алынған.

Интернет инфрақұрылымын дамыту – ауыл мен қала арасындағы цифрлық алшақтықты азайтудың негізгі жолы. Өйткені, бүгінде оқушы үшін онлайн білім беру ресурстарына қол жеткізу, кәсіпкер үшін тауарын интернет арқылы сату, тұрғын үшін мемлекеттік қызметті қашықтан алу – қалыпты қажеттілікке айналды. Шалғай ауылдарды байланыспен қамту тек техникалық міндет емес, әлеуметтік маңызы бар мәселе. Цифрлық трансформацияның тағы бір маңызды бағыты – білікті мамандар даярлау және халықтың IT дағдыларын дамыту. Технологиялық инфрақұрылымның дамуы оны меңгеретін, қолданатын және жаңа өнімдер жасайтын мамандарға деген сұранысты арттырады. Осы бағытта елімізде жастарға бағдарламалау мен заманауи цифрлық технологияларды үйренуге мүмкіндік беретін түрлі білім беру жобалары жүзеге асырылып келеді. Солардың бірі – Tomorrow School. Бұл бастама Қарағандыда да қолға алынған. Жобаның ерекшелігі – білім алушылардың бағдарламалауды тәжірибе арқылы меңгеруіне жағдай жасау. Мұндай алаңдар жастарға IT саласына алғашқы қадам жасауға, жаңа дағдыларды игеруге және болашақ мамандығын таңдауға мүмкіндік береді. Бүгінде цифрлық сауаттылық тек IT мамандарына ғана қажет қабілет емес. Ол журналистикадан бастап өндіріс, білім беру, медицина және кәсіпкерлікке дейінгі барлық салада маңызды құралға айналды. Жастардың технологиялық білімін жетілдіру өңірдің ұзақ мерзімді дамуына да ықпал етеді.

Жалпы, облыстағы цифрлық өзгерістер бірнеше бағытты қамтиды. Мемлекеттік қызметтердің онлайн форматқа көшуі тұрғындардың уақытын үнемдесе, «Ақылды қала» жобалары қалалық инфрақұрылымды тиімді басқаруға жол ашып отыр. Ауылдарға интернет тарту цифрлық мүмкіндіктердің аясын кеңейтсе, IT білім беру бастамалары жаңа буын мамандарын қалыптастыруға негіз қалайды. Жеті жыл ішінде цифрлық трансформацияның ауқымы айтарлықтай кеңейді. Endігі міндет – енгізілген технологиялардың санын арттыру ғана емес, олардың нақты тиімділігін тұрғындардың күнделікті өмірінен көрсету. Цифрлық дамудың басты өлшемі – жобалардың көптігі емес, халыққа әкелген пайдасы.

# Мықтылығы мойындалды



**(Соңы. Басы 1-бетте)**

Мұндай ауқымды бәсекеде үздік үш жүздікке ену – отандық жоғары білім беру ұйымы үшін маңызды жетістік.

Университеттің рейтингтегі көрсеткішінің жақсаруы нақты сандық нәтижелерден де көрінеді. Өткен жылы оқу орны 303-орында болса, биылғы қорытындыда 293-сатыға көтерілді. Жалпы бағалау көрсеткіші 40,7 балдан 44,3 балға дейін өскен. Бұл академиялық және ғылыми әлеуетті арттыру, білім беру сапасын жетілдіру бағытындағы жұмыстың оң нәтижесін аңғартады. Айта кету керек, Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында да бәсекелестік жоғары. Рейтингке екі жыл қатарынан қатысқан еліміздің 44 университетінің тек 14-і ғана өз позициясын жақсартқан. Қарағанды техникалық университеті – сол оқу орындарының бірі. Ал, ұлттық деңгейдегі көрсеткіш бойынша еліміздің 51 жоғары оқу орны арасында 12-орынға жайғасқан. Бұдан бөлек, Азияның үздік 300 университеті тізіміне енген қазақстандық 13 оқу орнының қатарынан көрінді. Бұл жетістіктің астарында техникалық білім беру жүйесін заман талабына сай дамыту міндеті жатыр. Бүгінде өнеркәсіп, энергетика, тау-кен өндірісі, құрылыс және цифрлық технологиялар салалары білікті инженерлерге сұранысты арттырып отыр. Техникалық университеттердің алдында тек теориялық білім беріп қана қоймай, өндірістің нақты мәселелерін шеше алатын мамандар даярлау міндеті тұр. Осы тұрғыдан алғанда, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің қызметінде білім мен ғылымды өндіріс саласымен ұштастыруға басымдық берілген. Оқу орны инженерлік кадрлар даярлау, ғылыми зерттеулерді дамыту және халықаралық әріптестікті кеңейту бағытында жұмыс жүргізіп келеді. Өндірістік кәсіпорындармен байланыс орнату студенттердің кәсіби дағдыларын қалыптастыруға, ал, ғылыми жобаларды дамыту жаңа технологиялық шешімдерді іздеуге мүмкіндік береді.

Халықаралық рейтингте университеттердің орны бірнеше көрсеткіш негізінде анықталады. QS Asia University Rankings академиялық бедел, жұмыс берушілердің бағасы, ғылыми жарияланымдар мен оларға жасалған дәйексөздер, сондай-ақ, халықаралық ынтымақтастықты қамтитын 11 өлшем бойынша бағалайды. Демек, жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін білім беру сапасын жақсартумен қатар, ғылыми қызметтің тиімділігін арттыру, шетелдік серіктестермен байланысты нығайту және түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету маңызды.

Университеттің Азиядағы үздік 300 оқу орнының қатарына енуі білім мен ғылымды дамытудағы жүйелі жұмыстың көрсеткіші. Алдағы уақытта бұл нәтижені сақтап қана қоймай, халықаралық деңгейдегі орнын одан әрі нығайту негізгі міндеттердің бірі болмақ. Қарағандының өндірістік әлеуетін ескерсек, техникалық білім беру ұйымдарының дамуы өңір экономикасы үшін де айрықша маңызды. Сапалы білім алған, заманауи технологияларды меңгерген инженер мамандар – өнеркәсіптің тұрақты дамуы мен жаңа өндірістерді қалыптастырудың негізгі қозғаушы күші.

Ал, халықаралық рейтингтегі мұндай жетістіктер университеттің алдағы даму бағытына да жаңа міндеттер жүктейді. Endігі кезекте білім беру бағдарламаларын халықаралық талаптарға бейімдеу, ғылыми зерттеулердің нәтижелілігін арттыру және шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықты кеңейту маңызды. Бұл бастамалар оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, Қарағанды өңірінде жоғары білікті инженер мамандар даярлауға да тың серпін бермек.

*Суреттер Қарағанды техникалық университетінің баспасөз қызметінен*

• АКЦИЯ

# Заңсыз қарудың зардабы мол

**Қарағанды облысында тұрғындардан заңсыз сақталған атыс қаруларын, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен құрылғыларды ерікті түрде сатып алу акциясы басталды. Іс-шара төртінші жыл ұйымдастырылып отыр. Оның негізгі мақсаты – заңсыз қару-жарақтың қолданысқа түсуіне жол бермеу және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.**



**Диас СЕРІККАЗЫҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Акция аясында азаматтар қолдарындағы заңсыз сақталған қару-жарақ пен оқ-дәрілерді полиция бөлімшелеріне ерікті түрде тапсыра алады. Тапсырылған қарудың түрі мен санатына қарай әрбір бірлігі үшін 10-нан 100 айлық есептік көрсеткішке дейін ақшалай өтемақы төленеді.

Сонымен қатар заңсыз сақталған атыс қаруын, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды өз еркімен тапсырған азаматтар қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктен босатылады.

Қарағанды қаласы полиция басқармасының Азаматтық және қызметтік қарудың айналымын бақылау тобының аға инспекторы, полиция подполковнигі Сайран Уахитовтың айтуынша, мұндай шаралар ықтимал құқық бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

– Акцияның басты мақсаты – заңсыз сақталған қару-жарақ пен оқ-дәрілерді азаматтардан ерікті түрде қабылдап, олардың қолданысқа түсуіне жол бермеу. Бұл – ең алдымен, қылмыстың алдын алуға және қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға бағытталған маңызды шара. Азаматтардың қару-жарақты өз еркімен тапсыруы түрлі құқық бұзушылықтардың алдын алуға септігін тигізеді, – деді Сайран Уахитов.

Полиция подполковнигі Сайран Уахитов ішкі істер органдарында 25 жылдан астам уақыт қызмет атқарып келеді. Оның еңбек жолындағы 20 жылға жуығы азаматтық және қызметтік қару айналымын бақылау саласымен тығыз байланысты. Осы уақыт ішінде ол қаруды сақтау, тіркеу және пайдалану тәртібін қадағалау бағытында мол тәжірибе жинақтаған. Қызмет барысында тұрғындармен тікелей жұмыс істеп, қару иелеріне заң талаптарын түсіндіруге және заңсыз қару айналымының алдын алуға атсалысып келеді. Жинақтаған тәжірибесі мұндай профилактикалық шаралардың маңызын терең түсінуге мүмкіндік береді.

– Кейбір азаматтардың қолында бұрыннан қалған немесе түрлі себептермен тіркелмеген қару-жарақ болуы мүмкін. Алайда, мұндай заттарды үйде сақтау қауіпті екенін естен шығармаған жөн. Әсіресе, балалардың қолына түссе, қайғылы жағдайға әкелуі ықтимал. Сондықтан тұрғындарды заңсыз сақталған қару-жарақ пен оқ-дәрілерді жасырмай, ерікті түрде полицияға тапсыруға шақырамыз. Бұл – өз қауіпсіздігі мен айналасындағылардың өміріне жауапкершілікпен қараудың бір жолы, – деді полиция өкілі.

Мұндай акциялардың тағы бір маңызы – заңсыз қару-жарақтың қылмыстық мақсатта пайдаланылу қаупін азайту. Азаматтардың ерікті түрде тапсыруы нәтижесінде бақылаусыз жүрген қару айналымнан шығарылады. Бұл тұрмыстық жанжал, кездейсоқ жарақат алу және өзге де қауіпті жағдайлардың алдын алуға ықпал етеді.

Қарағанды облысының полиция департаменті профилактикалық шаралар алдағы уақытта да жалғасатынын атап өтті. Ведомство өкілдерінің айтуынша, заң аясында ұйымдастырылатын акциялар тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған. Осындай бастамалар арқылы азаматтардың заң талаптарын сақтауға деген жауапкершілікті сезініп, тұрғындар мен полиция арасындағы өзара байланысты күшейтеді. Сондықтан, тәртіп сақшылары тұрғындарды осындай шараларға белсенді қатысып, қауіпсіз орта қалыптастыруға өз үлесін қосуға шақырады.

*Сурет ұйымдастырушылардан*

● ЖАҚЫП АҚБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 150 ЖЫЛ

# Алаш арысы Ақбаев

*(Деректі романнан үзінді)*

## Петербургтегі күндер

Таңертең келіп түскен Жақып университетке жету үшін вокзал басынан тарантас жалдап, қайда баратынын айтқан еді, арбакеш бірден түсінді. Орысша судай сөйлеп тұрған бозбаланың бетіне таңданысын жасырмай, үңіле қарады да:

– Қытаймысың? – деп сұраған.

– Жоқ, – деп саңқ ете қалды Жақып. – Мен – қазақпын.

– А, солай ма? – деді көшір одан сайын таңдана түсіп. – Ондай да халық бар екен ғой.

– Иә, бар! Бізді қазір «қырғыз» деп жүр...

Айтуын айтқанымен терең түпкірден бір сезім жүрегін шаншып өтті. Өз халқын басқа ұлттың атымен атағандықтан пайда болған бұл сезімді дәл сол сәтте оның өзі де түсінбей қалған еді.

– Міне, енді дұрыс! «Киргиз» деген халықты естуім бар. Олар ат үстінен түспейтін, көшпелі халық қой? – біраз үнсіздіктен соң: – Бәрің де орысша сөйлейсіңдер ме? – деп сұраған еді, оған да бозбала:

– Жоқ. Біз өз тілімізде сөйлейміз, – деді нығырлай түсіп, жігерлі үнмен.

Жолаушысының жауабынан оның жақтырмай қалғанын сезген көшір бұл тақырыпқа қайта оралған жоқ. Жолшыбай көшелер туралы айтып, оның атаулары туралы сөз қозғады. Атақты адамдар жайлы айтып отырды. Бірінші Петрді мақтан тұтатынын, оның орыс халқының ұлы адамдарының бірі екенін, Невадағы осы қаланың іргетасының қалануына қосқан үлесін айтумен болды.

Жақыптың айтқан мекенжайы бойынша әкеліп салған көшір оның Санкт-Петербург университетіне түсуге келген талапкер екенін бірден түсініп, діттеген жеріне жеткізген соң жүктерін түсіруге көмектесіп, оқуына сәттілік тілеп, аттанып кетті.

Оқуға түсуге жолдамасы болғандықтан, оның орналасуы қиынға түскен жоқ. Александров алаңының бойындағы 7-ші үйдің үшінші пәтерін ол өзіне қолайлы деп тапқан. Көп ұзамай екінші курстың студенті Айдархан Тұрлыбаевқа кездесті.

Орналасып болған соң Сенат алаңына барды, көрікті қаланың алуан-алуан көшелерін аралап, оқу басталғанша қаламен танысып алуды ойлаған. Сондай оймен бірталай жерге дейін серуендеп қайтты. Келесі күні есіктің алдында бір топ жас жігіт әңгімелесіп тұр екен. Тақай берген Жақыпқа ішіндегі біреуінің жүзі жылы ұшырап кетті. Қазақ баласы екендігі сөзсіз. Мұны ол да байқап, ақырын ғана жанына келді. Сөйтсе, бұл Айдархан екен.

Омбыда Айдархан бір класс жоғары оқыған. Одан кейін бұл Том гимназиясына ауысып кеткен болатын. Негізінен гимназияда өтетін әртүрлі шараларда кездесіп, сырттай таныс болғанымен, онша араласпаған еді. Енді, міне, Петерборда жолы түйісіп отыр.

Осыдан соң жерлес жігіттер күнделікті араласып, бірге жүретін болды. Бара-бара араларынан қыл өтпейтін достар болып кетті.

Жақып Петерборға келіп, орналасып болысымен оқу орнына барған. Заң факультетіне түскен соң Далалық өлке бастығының қағазын көрсеткен.

– Дұрыс, қай факультетке түссең де тиісті шәкіртақыңды төлеп тұрса жақсы. Тек ертеңгі күні «біздің жіберген факультетке түспеді» деген сөз туындамасы болғаны, – деді құжаттарын қабылдағын орта жастағы, байсалды азамат.

Жақып болса, ондай сөздің туындамайтындығына сендірді. Сонымен бұл әңгіме тәмам болды.

Жақыптың Айдарханға кезіккені жақсы болды. Ол сабақтан қолы босаған кездерде қаланың көптеген көрікті жерлерін аралатып көрсетті.

– Бұл жерлерде орыстың ұлы ақындары Пушкин мен Лермонтов жүрген, қыздармен қыдырған, – деп қояды.

Тағы бір қолы қалт еткен сәтте Жақып екінші қабатта тұратын Айдарханға көтерілген. Ойы тағы да қаланы аралап көру еді. Мұның кенеттен кіріп келгенін көрген Айдархан қолындағы қағаздарын қайда қоярын білмей тұрып қалды да, жастығының астына тыға салды. Өзі киініп алыпты, бір жаққа жиналып жатқан сияқты.

– Кел, кел, – деді ол қысылған түрде, абдырай сөйлеп. – Мен бір жерлерге бармақшы едім. Сен жай келдің бе?

– Иә, жай келдім. Егер қолың бос болса, тағы да қала көшелерін араласақ деп едім...

– Жоқ, бүгін болмайды. Бос болған кезде өзім айтамын, – деп жастығына қайта-қайта қарап қояды.

Онсыз да қысылып тұрған Айдарханды қолайсыз жағдайға қалдырмас үшін көп тұрмай шығып кетті. Осы оқиға көпке дейін ойынан кетпей жүргенімен, кейін мүлде ұмытып кеткен еді. Оған сабақтан қолының босамауы, студенттік қызықты шақтың сан қырлы оқиғалары мен қаланың қайнаған өмірі астасып кетуі басты себеп болды. Әсіресе, қыр баласын Петербордың «ақ түндері» қатты қызықтыратын. Сондай кездерде қаланың түнгі аспанын, ондағы шұғылалы



жолақтардың сан түрмен құбылуы өте қатты әсер етті. Тіпті Неваның салқыны соғып тұратын түндерде өзінің тоңып қалғанын да байқамай қалатын. Түнгі аспанды тамашалаймын деп жүріп өкпесіне суық тигізіп алған кездері де болды.

Жас Жақып университетте оқыған жылдары 400 сом көлемінде шәкіртақы алып тұрды. Дегенмен, Айдарханның және басқа да студенттердің ақылымен университет ректорының атына киім-кешек үшін қаржы сұрап хат жазуына кеңес берген. Сол кеңес бойынша Жақыптың жазған хатына: «Киім-кешектің стипендияның есебінен сатылып алуы қажеттігін есепке ала отырып, Дала өлкесінің бастығы киім-кешек сатып алуға қаражат бөлу туралы оның өтінішін қанағаттандырған жоқ; осыған байланысты университет кеңсесі Семей облысынан келген студент, стипендиат Ақбаевқа жәрдемақы бөліп отыр» деген жазба Омбы облысының мемлекеттік архивінде сақталған (іс №5136, 17 қазан, 1989). Бұған қарағанда оқу стипендиясын Дала өлкесі төлейтін болғандықтан, университет үздік оқитын студентке өз тараптарынан көмек көрсетуді ойлаған ғой. Әйтпесе, әлеуетті, атақты Жандеркенің Ақбайының отбасынан шыққан Жақып ештеңеден тарлық көрген жоқ. Тек сонау алыстағы қазақ елінен қаржының жетуі қиындық тудырған болуы мүмкін.

Бірақ ешқандай жоқшылық көрмеген Жақып бар күшін оқуға, білім алуға жұмсады. Алған бетінен қайтпайтын жігерлі жас өз қаражатын сауық-сайранға жұмсаған жоқ. Алға қойған мақсатына деген ұмтылыс оның табиғи талантын бұрынғыдан да аша түсіп, үздік оқуға, басқаларға сондай ісімен үлгі болуға жетеледі.

Дәріс кезінде Жақып белсенділігімен танылды. Ұстаздарға алуан сұрақтар қойып, сабақтың тартымды өтуіне де атсалысатын. Оның мұндай алғырлығын, кісімен тез тіл табысып, маңайына үйіріп тұратын қасиетін байқаған ұстаздары оны жандарына жақын тартты.

Жақыптың саяси көзқарасы ерте қалыптасып, демократиялық арнада дами бастағанын байқау қиын емес. Ол жастардың әртүрлі саяси ұйымдарына да сол студент кездерінде қатысты. Бұл жас жігіттің саяси көзқарасын одан әрі дамытуына игі әсерін тигізді.

Кейде кешкілік Айдарханның қайда кетіп қала қоятынын байқай алмай жүрді. Өзінен сұрсаса, ештеңе демейді. Дегенмен, студенттердің кездесу кештері мен астыртын үйірмелеріне қатысып жүретін Айдарханның бұл туралы өзі айтты.

Екінші курстың басында Айдархан бір әңгімелесіп отырған сәтте оған:

– Мен саған сенемін, Жақып. Бірақ алдын ала келісіп алайық: бұл туралы ешкімге тіс жарып, айтпайтын боласың. Жарай ма?

– Ол не мәселе? Мен түсінбей тұрмын?

– Оны өзің түсінетін боласың. Тек ешкімге ештеңе айтпайтының туралы уәде бересің. Мен саған сенемін, – деді.

Ештеңе түсіне алмаған, бірақ досының жамандыққа жол бастамайтынын білетін Жақып уәдесін берді. Айдарханның да Жақыпқа деген сенімі мол болатын.

– Онда кешке бірге барамыз.

– Жарайды, – деді Жақып.

Бұдан соң басқа сұрақ қойған жоқ. Өйткені, мұның бір құпия шаруа екенін сезе қойды да, артық сұрақ қоймауға тырысты.

Кешкісін Айдарханның соңына ерген ол Ресей астанасының шеткі көшелерінің біріндегі шағын үйлердің бірінің алдына келіп тоқтаған болатын. Ақырын ғана шыққан ысқырық дауысы естілді. Олар жайлап қана бір үйдің есігін қақты. Іште екі жас жігіт отыр екен. Жарты сағат болмайтын уақыттың ішінде бөлме жастарға лық толды. Бір-екі қыз да бар. Жастардың астыртын ұйымы екенін Жақып бірден түсінді.

Көп созбай мәжіліс басталып кетті. Орталарындағы «бөтен» адамды байқаған олар бірден танысуға асықты. Айдархан жерлесімен таныстырып, курстағы озат және белсенді студенттердің бірі екенін айтып, осындай ұйымға лайықты, сөзіне берік, іске алғыр жан екенін ерекше атап өтті. Осы ұйым арқылы прогрессивтік көзқарастағы адамдармен танысып, онда бүгінгі күннің басты мәселесіне қатысты саяси сұрақтар қозғалды. Тіпті, өткен отырыста басталған әңгіменің жалғасы болған мемлекеттік құрылымды өзгерту туралы айтылып, биліктегі әділетсіздікті тойтару туралы ауызға алынды. Осындай астыртын ұйымның мәжілістерінен соң оның саяси сауаты тереңдей түсті. Ұйым мәжілісі кезіндегі жігерлі жігіттердің ақырын ғана сөйлесе де терең толғана отырып айтқан сөздерінің барлығы Жақыптың көкейінен шыға берді. Өзі де толғанып, талай рет іштегі қайнап жатқан пікірлерін ортаға салғаны бар. Тыңдаушыларының айызының қанып отырғанын сол кезде өзі де байқаған. Айтып отырған ойының салмақтылығы мен сөзінің жүйелілігі отырғандарды риза етіп тастады. Қыр даласындағы әділетсіздікті, болыстар мен билердің өктемдігін түйреп өтті. Кейін осы бағыттағы ойын одан әрі дамытып, сол екінші курста оқып жүрген кезінде «Санкт-Петербургские ведомости» газетінде екі мақала жария етті.

Негізі бұл ұйым кешкі үйірме деп аталды. Басқа атауы да жоқ. Оған қоса бір-бірімен онша көп араласпау, жұрт көзіне түспеу жағы қатты ескерілді. Кешке кездескен сәтте де бір-бірінің атын атамау ұсынылды.

– Енді мұнда келер кезде қолтықтарыңа бір оқулық кітап ұстай келіңдер. Егер біреу-міреу тоқтатып: «Не істеп жүрсің?» – деп сұрайтын болса, «Бір жолдасымнан, немесе бір курстасымнан кітап әкеле жатырмын» деулеріңе жақсы болады. Бұл жерде не айтылғаны, кімнің болғаны туралы тіс жармайтын боласыздар, – деп түсіндірді үйірме мүшесінің бірі Максим деген жігіт. – Арамызда жаңадан келіп отырған адамдар болған соң айтып отырмын.

Келесі жолы ол:

– «Петербургские ведомости» газетін оқыған боларсыздар? Онда Якубтың мақаласы жарық көрді. Міне, бұл біздің жұмысымыздың нәтижесінің алғашқы көрінісі, – деп атап өтті.

Ол мақаланы кешкі үйірмеге қатысушылар да оқып, жоғары баға берді. Кейін оның біреуін қазақ тіліне аударып, «Дала уәләяты» газетіне бастырды. Онда мемлекеттің салық саясаты қатты сынға алынған еді.

Сөйтіп, Жақаңның мына кең дүниеге, айналадағы ортаға деген көзқарасы осы үйірме арқылы қалыптасты. Тіпті, саяси көзқараста өрбіді деп айтуға әбден болады. Сол кездегі империялық өктем билік, әділетсіздік, мемлекет басындағылар мен жай қатардағы шенеуніктердің өздерінің жең ұшынан жалғасуы жас жігітті бүкіл қоғамдық құрылысқа, оның ішінде, өзінің туған халқының тағдырына өзгеріс енгізу қажеттігін ойына оралтқан болатын. Бұдан соң да ол Ресей астанасында озық ойлы талай жанмен кездесіп, пікірлесіп, мемлекеттік жүйе туралы ойларын ортаға салысқан. Әділетсіз билікті төңкеру қажеттігінің әбден пісіп-жетіліп отырғандығын, бұдан әрі бұған төзуге болмайтындығы туралы да жиі ауызға алынып, ашық айтыла бастады. Бірақ ашық айтамын дегендерге патша билігі жол беріп қойған жоқ, оларды түрмелерге қамап, Сібірге жер аударып жатты. Сол кездегі басты әңгіме Декабристер туралы болатын. Олардың алға қойған істері мен пікірлерінің өміршеңдігі, бірақ күрес тәсілінің әлсіздігі ортаға салынатын.

«Азаматтық құқық» пәнінен университет ректоры Адольф Христианович Гольмстеннің өзінің дәріс оқуы жас Жақыптың өмірінде өлшеусіз із қалдырды. Сабаққа ынталы, алға қойған мақсаты зор студент белгілі құқықтанушы ғалымның көзіне бірден түсті. Профессор өзінің тақырып бойынша лекциясын уақыт бітерден оншақты минут бұрын үзіп, одан әрі студенттермен еркін әңгіме өткізуді ұнататын. Сондай сәттерде Қырдан келген жас жігіттің алғырлығына ерекше тәнті болған. Оған арнайы беріп көрген тапсырмаларын тап-тұйнақтай етіп, көңілден шығара орындауы да профессорға қатты ұнаған.

## Университет қабырғасында

Білімге мүлде бет бұрған Жақып тек заң қызметкері болып қана қалғысы келген жоқ. Оның тылсымы терең тарих қойнауларына көз жүгіртетін зерттеулер де қатты қызықтыратын еді. Соған орай «шіркін, осылардың тарихын жақсы білетін тарихшы болсам ғой» деген қиялдар баурайтын кездері де болып қалатын. Сондай сәттің бірінде өзінің ойын айтып факультет деканына жолыққан. Әуелде декан шошып кетті. Өйткені, университетте заңгерлікке оқып жүріп, археология институтының дәрісін тыңдау мүмкін емес қой.

Жақыптың бетіне қарап тұрып:

– Жоқ, мен рұқсат бере алмаймын. Жо-жоқ, – деп тұрды да, ректордың бұл студенттен көп үміт күтетіні есіне түсіп: – Мүмкін Адольф Христиановичпен өзің сөйлесіп көрерсің, – деп бір үміттің шетін қылтитты.

Бұл кеңес студенттің көңілінен шығып, ол дереу ректордың қабылдауына сұранды. Ректордың көмекшісі студенттің өтінішін жазып алып қалған. Көп ұзамай университеттің ұзын дәлізімен бір топ студент келе жатыр еді. Қарсы алдынан жанында тағы бір профессор бар, ректор қарсы жолықты. Бұлар ізет сақтап, қабырғаға қарай ығысып, тұра қалысқан. Оларға көз салған ректор араларында Жақыптың бар екендігін байқап қалып:

– Студент Ақбаев, сіз менің қабылдауыма жазылған екенсіз. Ертең жұмыс аяғына қарай келуіңізге болады, – деді.

Келесі күні қабылдауға барған Жақыпты ректордың көмекшісі есіктен қарсы алып, бірден кіргізді.

– Иә, көгершінім, сізді тыңдап отырмын. Айта беріңіз, айта беріңіз, – деп профессор пенсінесін шешті.

Жақып та іркілген жоқ, әдеттегі қалпымен мұрынын бір қағып қойды да, сөйлей жөнелді. Өзінің тарихтан да білім алғысы келетіндігін, оған мұндай екінші білімнің өте қажет екендігін айтып берді. Сондықтан да тарихты терең оқытатын осы қаладағы Императорлық археология институтына түсуіне рұқсат етуін өтінді.

– Солай ма? Так, так... Мұның дұрыс ақыл сияқты. Бірақ университеттегі сабағыңа кедергі келтірмей ме?

– Жоқ, жоғары мәртебелі ректор мырза! Мұндағы оқуымды ешқашан ақсатпауға Сізге уәде етемін! Менің өтінішімді қабыл алуыңызды сұраймын.

– Жарайды, менің атыма прошение жазып алып келіңіз.

– Ол өтініш дайын, – деп Жақып қолтығындағы қағаздарының арасынан бір параққа жазып әкелген өтінішін ұсынды.

Студенттің бетіне сынай қараған ректор қағаздағы жазуды мұқият оқып шықты да, қол қойып берді.

Сөйтіп, төртінші курстағы Жақып негізгі сабағына ешбір нұқсан келтірмей, археология институтының да толық курсын бітірді. Бір айта кететін мәселе – археология институтына жоғары білімнен соң қабылданып, екі жыл оқытылатын. Бірақ заң университетінің ректоры ұсынып отырғандықтан болар, Ақбаевты студент кезінен-ақ қабылдап, аталған институттың тыңдаушысы болуына ешқандай қарсылық жасалмады.

Қанша дегенмен де Петербургтың ауасы дымқыл, қырдағы құрғақ ауа райына үйренген Жақып үшін онша қолайлы болған жоқ. Өкпесі ауырып, бір жөтел кетпей қойды. Сондықтан да оған басқа университеттердің бірінің заң факультетінде оқу қажет деген кеңес айтқандар болды. Мұны досы Айдархан да қолдаған. Өйткені, жиі ауырып, ауруханаға түсе беруі жиілеген еді. Петербургтың дымқыл климатының Жақып үшін қолайсыздығын дәрігерлер де растаған. Бұл ұсыныс жас жігіттің көкейіне қона кетті. Өйткені, бұл кезде ол ілім-білімнің әр саласын меңгеруге бұрынғыдан да құлшына кіріскен. Осы мақсатта Жақып Одесса қаласындағы мнемоника профессоры С.Файнштейннен дәріс алуға бет бұрды.

Құқықтану сабағында мнемоника туралы жиі айтылатын кездері бар. Ол заңгердің есте сақтау қабілетін арттырудың және айғақ-дәлелдерді екшелеудің әдіс-тәсілдері екендігі айтылады. Осы сөзді көкейіне берік орнықтырған студент жігіт әуелі университеттің кітапханасынан мнемоника туралы кітап іздестіріп көргенімен ол табылмады. Одан соң Ресей астанасының талай кітапханасына кіріп, мнемоника туралы сұрастырған. Тіпті, Мәскеу қаласына да барып қайтты. Басында ол осы оқулықты табамын деген ойда болған. Тек бір жазбалардан «мнемоника профессоры С.Файнштейн» деген үш сөзді оқып қалды. Енді осы профессорды іздестірді. Ол кісіні университет ректоры Адольф Христианович жақсы біледі екен.

Астана дәрігерлерінің оның денсаулығын нығайтуы үшін Ресей мемлекетінің оңтүстік губернияларында емделуі қажеттігі туралы ұсынысы осы кезбен орайласып кетті. Сөйтіп, 1901 жылдың наурыз айында жолға шығуға жиналады. Ондағы ойы профессор С.Файнштейннен мнемоника сабағын алу болды. Сол жылғы күздің аяғында Жақыпқа университет дәрігері «Петербургтегі алған емінің шипалы болмауына орай» Қырымның оңтүстік жағалауында емделуі қажеттігі туралы ұйғарым жасайды. Таңдау өзінің еркінде болғандықтан, Жақып Керчь қаласын дұрыс санады. Келесі жылы науқасы қылаң берген кезде Ялта қаласында емделді. Ректорат болса, Якуб Ақбаевтың сабаққа еркін қатысуына және кейбір пәндерден емтиханды келесі сессияда тапсыруға рұқсат еткен болатын.

Бірақ Қыр даласынан, сонау Қарқаралыдан келген студенттің өмір сүруіне мұның барлығы жеңілдік жасай алмады. Соған орай оның 1901 жылдың 17 сәуірі күні ректордың атына: «Алған дәрістерім үшін ақы төлеуден босатуыңызды өтінемін. Мен тек 400 рубль шәкіртақы аламын. Бұл ақша мені кедейшілікте өмір сүруден құтқара алмайды. Денсаулығымның әлсіздігіне байланысты сабаққа бара алмаймын» деген өтініш жазуына тура келеді.

Қырымда Жақып өзін жаман сезінген жоқ. Өйткені, мұнда Петербургпен салыстырғанда ауа райы әлдеқайда жылы, әрі қолайлы еді. Оған қоса және ең бастысы – Қырым татарлары жылқы ұстап, бие сауатын. Жақыптың жасынан үйренген сусыны оған майдай жағып, дала емі шипасын бергендей әсер етті. Сондықтан, профессордың қолдауымен біраз уақыт Одессаға барып-келіп жүрді. Ойлана келіп, Одессаға жақынырақ болуы үшін Киев университетіне ауысқанды қолайлы көрді. Сөйтіп, ректордың рұқсатымен Қасиетті Владимирдің Киев Императорлық университетіне ауысты да. Барып орналасқанымен, тағы бір қиындық туындады.

– Сіз өз қаражатыңызбен оқисыз ба? – деп сұрады мұнда келген соң.

– Жоқ, мен Қыр өлкесі генерал-губернаторының стипендиясымен оқып жатырмын.

– Ол қаржы қайда?

– Ол қаржы Императорлық Санкт-Петербург университетіне аударылған. Мен шәкіртақыны содан аламын.

– Олай болса мен бұл қаржы біздің университетке қалай аударылатынын біліп қояйын. Ертең түске қарай соғып кетіңіз, – деді қартаң тартқан әйел бұған байыпты түрде қарап.

Бірақ ертеңіне келгенде ол әйел Санкт-Петербург университетімен хабарласқанын, бұл қаржының Киев университетіне аударылмайтынын айтты. Өйткені, Қыр өлкесі оқуға сол университетке жіберді ғой. Сондықтан, жаңа оқу орны стипендия төлей алмайды. Жат жерде оқу үшін қаражат керек екені белгілі. Енді шәкіртақысыз оқуға Жақыптың жағдайы келмейтін еді, еріксізден келісімнен бас тартуына тура келді.

– Олай болса, тезірек өзіңнің оқу орныңмен хабарлас, біз қабылдамайтын болсақ, ол жақ оқудан шығарып жіберіп, өзің далада қалып жүрме. Жағдайды түсіндіріп айт, – деді мұның орысша таза сөйлеп тұрғанына қызыға қарап, буырыл шашын бұйралап, төбесіне түйіп қойған, қартаң келген әйел.

Бұдан соң Жақып болса, Киевтен өзінің университетіне жеделхат жолдап, қайтадан оралатындығын ескертіп, оқуынан шығармауын өтінді. Сөйтіп, қайтып келген соң оқуын одан әрі жалғастыра берді, мнемоникадан да дәрісін тыңдауды тоқтатқан жоқ.

Алғырлығының, көкірегінің көмбе, ақылының молдығының арқасында барлық алға қойған мақсатын жүзеге асырып шықты. Енді алған білімді өмір жүзінде жүзеге асыруы керек болатын. Санк-Петербургте оқыған жылдары жастардың саяси үйірмелеріне қатысқан Жақыптың көзқарасы демократиялық бағытта дамығаны даусыз. Озық ойлы адамдармен қарым-қатынаста болған, олармен кездесулерде қозғалған әңгімелерден өзіне қажетті ой түйген Жаққең жазғы каникул кезінде ауылға келгенде де өз жөнімен жүрген жоқ, ел ішіндегі істерге де араласып кетті. Сондай кездерде ол ел арасындағы өрескел әрекеттерге деген өзінің көзқарасын көрсетіп отырды.

Бірде, ауылға жазғы демалысқа келгенінде, киіз үйдің іргесін көтеріп қойып, самал желмен рахаттанып кітаптар оқып, өзіне қажет жерлерін қағазға түртіп алып отырған. Кенет сырт жақтан айқай-шу шығып қалды. Оның не екенін түсінбеген Жақып әуелде жайбарақат отыра берген. Бірақ дауыс одан сайын үдей түсті. Отыра беруге болмайтын болған соң ақырындап есіктің алдына шыққан. Ауылдың шеткі жағындағы ат Бақалдың Ақтайының есігінің алдындағы ат байлайтын жерде бірнеше адам керілдесіп жатыр. Мұрынын бір қағып қойған Жақып солай қарай жақындады.

Мұны көргендердің бағанадан бергі дауыстары бірден бәсеңдеп қалды. Қашан да мұның әділетті жақтайтынын білетін Ақтай жасының үлкендігіне қарамастан студент Жақыпқа қарай қарсы аяңдады.

– Айналайын, Жақыпжан, мынадай да болады екен-ау, мына поштабай келе салып, менің кермеде тұрған атымның ертоқымын алып тастап, өзінің ертоқымын ерттейін деп жатыр. «Мұныңыз не?» десем, бас-көз жоқ: «Менің мінуім керек» дейді. Неге оның мінуі керек? Былтыр да жалғыз атымды рұқсатсыз мініп, болдыртып тастап кеткен жерінен зорға жеткізіп алғанмын.

Бұл атышулы Өтепәлінің Бәкеші туралы Жақып бұрын да естіген болатын. Қарқаралы оязының поштабайы екендігін арқаланып, елдің атын тартып мінуді әдетке айналдырған озбырлығы жұртқа мәлім. Сондықтан да Жақып:

– Өзінің астында аты бар ма? – деп сұрады, тіпті, оған көз салмастан.

– Бар, – деп жауап берді сол жерде тұрғандар.

– Онда неге біреудің атына жармасады? Бұған ешкім де ат мінгізбейтін болсын. Өзіне бөлінген көлігі бар, сонымен жүрсін. Егер керек болса, ақысын төлеп, бекеттердегі аттарды пайдаланысын. Қазір өз жөнімен кететін болсын! Әйтпесе мен тиісті жеріне қағаз түсіріп, жұмысында қалдырмауға әрекет етемін...

Поштабай не дерін білмей тұрып қалды. Кімнің жұмыссыз қалғысы келсін?! Оның үстіне ел арасында үстемдігі ояздан да кем емес Бәкеш болса. Күреңітіп, қаны бетіне шыққанымен, не айтарын білмей, болыстың студент баласына қарсы келе алмай тұрып қалды. Ақыры өзінің қатты жүрістен тер басқан керіне мініп, аяңдаған беті кете барды.

Бұрын ешкім қарсы келе алмайтын поштабайды жерге қаратып, кедейлердің сөзін қолдаған Жаққеңнің атағы тіпті, аспандай түсті.

Петербургте саяси тақырыптардың, мемлекеттің конституциялық құрылымын өзгертуге қатысты әңгімелердің ортасында болған Жақып реті келгенде әділетсіз билікке қалай тойтарыс беруді де іштей түйген еді. Сондай ойлардан туған екі мақаланы Санкт-Петербургские ведомости» газетінде жариялады. Оның мемлекеттің салық саясатына арналған бір мақаласын «Дала уәләяты» газетінің 1900 жылғы №12 санында қазақ тілінде бастырып шығарды.

Алғыр, алға қойған мақсатына жеткенше тыным таппайтын, жан-жақты, білімді жігіт маңайындағы достары мен курстастары арасында да беделді болды. Оқытушы-профессорлар да басқа студенттерге сене бермейтін кейбір істерді Жақыпқа алаңсыз тапсыра беретін. Сонау алыстағы Қыр өлкесінен келген «қырғыз» студентке 1899-1903 жылдары осы университеттің ректоры, сол кездегі Ресейдегі белгілі заңтанушылардың бірі, атақты ғалым, «Азаматтық құқық және процесс» пәні бойынша талай ауқымды жұмыстар қалдырған Адольф Христианович Гольмстеннің өзі оның ғылыми жұмысына жетекшілік етуі сондықтан да болар.

Соңғы курстың студенттері жиналған дәрісханаға курс бастығы жарқын жүзбен кіріп келді. Оған студенттер таңданыспен қарап қалған. Өйткені, өзінің жаратылыс мінезі солай болған соң ол кісінің жадырап жүретін сәті онша көп бола бермейтін. Бұл бір қуанышты хабардың белгісі еді. Көп күттірген жоқ:

– Біздің курстың студенті Якуб Ақпаевтың диплом жұмысына университетіміздің ректоры, профессор Адольф Христианович Гольмстен мырзаның өзі жетекшілік ететін болды. Бұл біз үшін, біздің курс үшін өте қуанышты жағдай, қадірлі студенттер! – деп шын мәніндегі қуанышын жасыра алмай, жария етті.

Бұл шын мәнінде курс үшін өте қуанышты жағдай еді. Оқу орнының басшылық жұмысынан қолы босай бермейтін ректор жыл сайын бір ғана студенттің диплом жұмысына жетекшілік ететін. Бұл жолғы таңдау жүзге тарта бітірушілердің арасынан Жақыпқа түскен екен.

Ректор жетекшілік еткен студенттің диплом жұмысы да осал болмасы белгілі. Ол ректордың өзі қатысқан қорғау жұмысы кезінде жарқырап көріне біліп, дипломын «аса қанағаттанарлық» деген бағамен қорғап шыққан. Бұл осы күндегі «үздік», «өте жақсы», ал, «қанағаттанарлық» дегені «жақсы» дегенді білдіреді. Ал, «аса қанағаттанарлық» бағамен бітіргендерге бірінші дәрежелі диплом беріледі. Университетті бірінші дәрежелі дипломмен бітіргендер магистр болып шығады екен. Сөйтіп, Жақып Ақбаевты «Петербургтың императорлық университетін Алтын медальмен бітірген, қазақтан шыққан тұңғыш заң магистрі» деп атайтынымыз сондықтан.

**Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ,**
**жазушы**

# Ас үйден басталған бренд

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеуді дамытуға, дайын өнім өндіретін кәсіпорындардың әлеуетін арттыруға және агроөнеркәсіп кешеніне заманауи технологияларды енгізуге басымдық берді. Президент ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу, сақтау және оны тұтынушыға жеткізетін тиімді жүйе қалыптастыру – экономиканың маңызды міндеті екенін атады.**

**Жәлел ШАЛҚАР,**
«Ortalyq Qazaqstan»



## Алдамаған алғашқы қадамдар

Шет ауданының Сәкен Сейфуллин ауылындағы «СЫР ӨНІМДЕРІ FRESH CHEESE ZHARYK» кәсіпорнының негізін қалаушы Жанар Қаңтарбаева үй жағдайында бастаған ісін біртіндеп өндіріс деңгейіне жеткізді. Бүгінде кәсіпорында сүт өңделіп, одан ірімшіктің бірнеше түрі, сары май, қаймақ, сүзбе, йогурт және басқа да өнімдер дайындалады. Ауыл өндірісінде мемлекеттік қолдау мен жеке кәсіпкердің табандылығы және жергілікті шикізатты тиімді пайдалану үйлесім тапқан.

Жанар Қаңтарбаеваның кәсіптегі жолы 2022 жылы басталды. Сол жылы ол аудандық Мансап орталығы арқылы 400 айлық есептік көрсеткіш көлемінде мемлекеттік грант алып, қажетті құрал-жабдық сатып алды. Алғашқыда ірімшік үй жағдайында дайындалды. Өндіріс көлемі аз болғанымен, табиғи өнімге қызығушылық танытқан тұтынушылар қатары біртіндеп көбейді.

– Кәсіпті бастағанда басты мақсатым сапалы өнім шығарып, өз ісімді дамыту болды. Алғашында бәрін үй жағдайында, қолда бар мүмкіндікті пайдаланып атқардық. Уақыт өте келе, сұраныс артты. Бұл бізге өндірісті кеңейтіп, жаңа деңгейге көтерілу қажеттігін көрсетті, – дейді кәсіпкер.

Кәсіптің алғашқы кезеңінде шикізат мәселесі оңай болмаған. Сүт жеткізушілердің тұрақтылығы мен өнім сапасын сақтау маңызды міндетке айналды. Кейін жергілікті фермермен әріптестік орнатып, жақын маңдағы ауыл тұрғындарынан да сүт қабылдай бастайды.

Өндіріс көлемі өскен сайын үй жағдайындағы шағын кәсіптің мүмкіндігі шектеле бастады. Сондықтан, кәсіпкер арнайы цех ашып, жұмысын жүйелі түрде ұйымдастыруға кірісті. 2025 жылы 5 миллион теңге көлеміндегі грант алып, өндірістік желіні кеңейту қол жеткізді. Қаржы жаңа құрал-жабдықтар сатып алуға және өндіріс қуатын арттыруға бағытталды.

Нәтижесінде кәсіпорындағы жұмыс ауқымы да өзгерді. Кәсіпті алғаш бастағанда екі адам еңбек етсе, бүгінде ұжым саны бес адамға жеткен. Мемлекеттік гранттың кәсіпті дамытудағы рөлі осындай нақты нәтижелерден көрінеді. Қаржылай қолдау өндірістік құрал-жабдықтарды жаңартуға, өнім көлемін арттыруға және қосымша жұмысшылар тартуға мүмкіндік берген. Дегенмен, кәсіпкер өндірісті одан әрі кеңейту үшін жаңа инвестиция мен тұрақты шикізат көзінің қажеттігін де жасырмайды.

## Отызға жуық өнім шығады

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеудің тиімділігі шикізаттың тұрақты жеткізілуіне тікелей байланысты. Кәсіпорны үшін де сүтпен қамтамасыз ету мәселесі өндірістің



негізгі шартының бірі болып отыр. Қазір кәсіпкер шикізаттың бір бөлігін өз шаруашылығы есебінен өндірсе, қалғанын жеке қосалқы шаруашылықтар мен шаруа қожалықтарынан сатып алады.

Алайда, биыл өңірдегі мал ауруына байланысты сүт өнімділігінің төмендеуі кәсіпорын жұмысына әсер еткен. Кәсіпкердің айтуынша, былтыр тәулігіне бір тоннаға дейін сүт өңделсе, биыл 500 литрге дейін азайған.

– Шикізат мәселесі – біздің өндіріс үшін ең маңызды бағыттың бірі. Сүттің жартысын өзіміз өндірсек, қалған жартысын жеке қосалқы шаруашылықтар мен шаруа қожалықтарынан сатып аламыз. Олардың ақысын уақытылы төлеуге тырысамыз. Биыл аймақтағы мал ауруына байланысты сүт өнімділігі төмендеп, соның әсерінен өңдеу көлемі де азайды. Келесі жылы қажетті тексерулерден өтіп, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сай рұқсаттарды алғаннан кейін өндіріс көлемін қайта арттыруды жоспарлап отырмыз, – дейді Жанар Қаңтарбаева.

Кәсіпкердің есебінше, келесі жылы тәулігіне 1,5-2 тонна сүт өңдеу мүмкіндік бар. Бірақ, бұл үшін қосымша шикізат, жаңа жабдықтар және білікті мамандар қажет. Әр өндірістік бағытқа бір-екі қызметкерден тарту да жоспарда бар.

Бүгінде кәсіпорында отызға жуық өнім түрі шығарылады. Өнім ассортиментінің кең болуы кәсіпорынның нарықтағы мүмкіндігін арттырады. Әсіресе, дәстүрлі сүт өнімдерімен қатар, заманауи технологиямен дайындалатын ірімшік түрлерін өндіру ауылдық жерде де өңдеу кәсіпорнын дамытуға болатынын көрсетеді. Сонымен бірге, кәсіпкер сары май мен сүзбеге ЕАЭО сәйкестік сертификаттарын алған. Ірімшік және қышқыл сүт өнімдеріне қатысты құжаттарды рәсімдеу жұмыстары да жүргізіліп жатыр. Алдағы уақытта кәсіпкер ұлттық тағам түрлерінің бірі – құрт өндірісін кеңейтуді көздейді.

Жанардың алдағы жоспары мұнымен шектелмейді. Ол кәсіпорын жанынан шағын дүкен мен экспресс-кафе ашуды да ойластырып отыр. Онда өз өндірісіндегі ірімшіктерді пайдаланып, пицца, хачапури сияқты тағамдар әзірлеу көзделген. Мұндай бастама дайын өнімді тікелей тұтынушыға ұсынуға және кәсіпорынның өткізу мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған.

## Мемлекеттік қолдау және жұмыспен қамту

Кәсіпкер «Күміс жас» жобасына қатысып, екі әйелді жұмысқа орналастырған. Одан бөлек, жұмыс орнында қысқа мерзімді оқыту бағдарламасы арқылы бес адам сүт өнімдерін өңдеу мамандығын меңгеруде. Мұндай тәжірибе ауыл тұрғындарының жаңа кәсіп игеруіне және еңбек нарығына бейімделуіне өте ыңғайлы.

Өндірісті кеңейту үшін кәсіпорын иесі кезекті жобаға қатысуда. Егер қолдау тапса, қаржыны қосымша құрал-жабдықтар сатып алуға жұмсамақ. Бұдан бөлек, келесі жылы жеңілдетілген несие алу мүмкіндігін қарастырып отыр. Бұл қаражатқа мал басын көбейту, өндірістің шикізат базасын нығайту жоспарланған.

Кәсіпкер болашақта сүт өнімдерімен қатар нан және шұжық өндірісі де жоспарда. Ол үшін нан пісіретін пештер мен шағын шұжық дайындау жабдықтарын сатып алып, осы бағыттарға арнайы мамандар тарту қажет. Жоспар жүзеге асса, кәсіпорын өз шаруашылығындағы ет пен сүтті пайдаланып, өнім түрлерін одан әрі көбейте алады.

Өнім өткізу нарығын кеңейту де кезегін күтіп тұр. Ол облыстық көрмелер мен жәрмеңкелерге тұрақты қатысып, өз өнімдерін таныстырып келеді. «Бір ауыл – бір өнім» жобасында да өңір атынан танылып, финалистер қатарынан көрінген. Мұндай алаңдар шағын өндірушілерге өнімін таныстыруға, тұтынушылармен байланыс орнатуға және басқа кәсіпкерлермен тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Жуырда облыс орталығында «Қазақстанның үздік тауары – 2026» көрмесінің облыстық кезеңі қорытындыланды. «СЫР ӨНІМДЕРІ FRESH CHEESE ZHARYK» кәсіпорны үздіктер қатарынан көрініп, республикалық кезеңге жолдама алған болатын.

– Марапатты алғанда алаң көңілім босап сала берді. Толғанысымды жасыра алмадым. Көз жасымды көрген әріптестерім мен жақындарым қолдау білдіріп жатыр. Дүйім жұрттың алдында атымның аталып, еңбегімнің бағаланғанына қатты толқыдым. Адал еңбектің бәрін де жеңетініне тағы бір мәрте көз жеткіздім. Бүгінде кәсібіміз елге белгілі «Ауыл дәмі» атты брендке айналды. Адаспағаныма, талмай еңбектенгеніме іштей қатты қуандым, – деп ағынан жарылды кәсіп иесі.

Жалпы, кәсіпорынның тәжірибесі ауыл шаруашылығын дамытуда шикізат өндіру мен оны өңдеуді қатар алып жүрудің маңызын көрсетеді. Бір кәсіпорынның жұмысы жергілікті фермерлерге өнім өткізуге мүмкіндік беріп, ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтып, тұтынушыларға дайын өнім ұсынуға жол ашып отыр.

*Суреттер кейіпкердің жеке мұрағатынан*




**Қарағанды қаласының учаскелік комиссияларының құрамына енгізілген өзгерістер туралы хабарлама**

**Қазыбек би атындағы аудан**

Учаскелік сайлау комиссиясы №2: КМҚК «Қарағанды гуманитарлық колледжі», Н.Назарбаев даңғылы, 22

Комиссия мүшесі: Алдибекова Мая Смагуловна

Учаскелік сайлау комиссиясы №7: КеАҚ «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті», Терешков көшесі, 40

Комиссия мүшесі: Ержан Айдана

Учаскелік сайлау комиссиясы №9: КММ «Мұрагер» мамандандырылған мектеп-интернаты, Гоголь көшесі, 46а

Комиссия мүшесі: Тлеуқабыл Асылайым Тлеуқабылқызы

Учаскелік сайлау комиссиясы № 16: «Г. Потанин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ, Лобода көшесі, 26

Комиссия мүшесі: Тлеукен Мадина Сайранқызы

Учаскелік сайлау комиссиясы № 17: КМҚК «Кеншілер мәдениет сарайы», Бұқар жырау даңғылы, 32

Комиссия мүшесі: Муратова Ажар Кинаятовна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 20: КМҚК «Оқушылар сарайы», Ерубаев көшесі, 44

Комиссия мүшесі: Таттимбетов Асет Болатович

Учаскелік сайлау комиссиясы № 21: КММ «Сәкен Сейфуллин атындағы гимназия», Ерубаев көшесі, 43а

Комиссия мүшесі: Бакирова Аийда Тулегеновна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 26: КММ «Облыстық клиникалық аурухана», Н.Назарбаев даңғылы, 10

Таймасова Салтанат Женисовна – хатшы

Учаскелік сайлау комиссиясы № 28: КММ «№79 жалпы орта білім беретін мектеп», Құрманғазы көшесі, 1

Комиссия мүшесі: Мадиева Марал Сагнаевна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 30: КММ «Ақпараттық технологиялар мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты», Колодезная көшесі, 9

Комиссия мүшесі: Сулейменова Куралай Халиевна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 37: КеАҚ «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті», Мұқанов көшесі, 41

Мирасова Анель Дархановна – хатшы

Учаскелік сайлау комиссиясы № 47: КММ «№6 жалпы білім беретін мектеп», Крылов көшесі, 8

Комиссия мүшесі: Кусаинова Гульшат Кайыржановна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 48: КММ «№21 жалпы білім беретін мектеп», Седов көшесі, 6

Айтхен Әмина Жанарбекқызы – хатшы

Учаскелік сайлау комиссиясы № 49: КММ «№21 жалпы білім беретін мектеп», Седов көшесі, 6

Комиссия мүшесі: Мамедова Индира Халитовна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 50: ЖШС «Луч» нейрореабилитациялық орталығы, Ермеков көшесі, 102/8

Комиссия мүшесі: Нурмагамбетова Жанна Амангельдиевна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 51: РММ ҚР ІІМ ҚАЖК «№61 мекемесі», Асфальт көшесі, 16

Мекадилов Ержан Камелбаевич – төраға

Учаскелік сайлау комиссиясы № 56: ШЖҚ КМК «№3 көпсалалы аурухана», Қасым Аманжолов көшесі, 189

Комиссия мүшесі: Сыздыкова Гульден Кайдаровна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 58: КММ «Қарағанды тамақтандыру және сервис колледжі», Баженов көшесі, 164/2

Кайырова Бакыт Аманбаевна – комиссия төрағасының орынбасары

Учаскелік сайлау комиссиясы № 61: КММ «№48 жалпы орта білім беретін мектеп», Ержанов көшесі, 13

Комиссия мүшелері: Абдрахманова Айнур Ергешовна, Меңдыбай Хайдар Қанатұлы

Учаскелік сайлау комиссиясы № 73: КММ «№59 жалпы білім беретін мектеп», Камали Дюсембеков көшесі, 46

Комиссия мүшесі: Капицева Владислава Сергеевна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 80: КММ «№66 мектеп-лицей», Карбышев көшесі, 17

Комиссия мүшелері: Юсупова Анеля Станиславовна, Суюндикова Гаухар Ериковна, Мустагулова Жазира Кокенайевна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 82: КММ «№81 жалпы білім беретін мектеп», Гапеев көшесі, 1б

Комиссия мүшелері: Онбаева Нургуль Саттаровна, Рыскулова Мадина Каиржановна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 83: КММ «№81 жалпы білім беретін мектеп», Гапеев көшесі, 1б

Комиссия мүшелері: Багдатова Барида Жаксылыковна, Кабельдинова Динара Зейнуловна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 87: КеАҚ «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті», Мұқанов көшесі, 1

Комиссия мүшесі: Исаханова Жулдыз Мантаевна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 90: КММ «№27 жалпы білім беретін мектеп», Сатыбалдин көшесі, 24

Комиссия мүшесі: Саятқызы Диана

Учаскелік сайлау комиссиясы № 92: КММ «№15 жалпы білім беретін мектеп», Сатыбалдин көшесі, 19

Комиссия мүшесі: Досанова Аида Канатовна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 99: КеАҚ «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті», Университет көшесі, 28

Комиссия мүшесі: Асетова Гулнур Бакытовна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 106: КММ «№ 19 жалпы білім беретін мектеп», 003 есептік квартал, 22

Комиссия мүшелері: Бейсенбекова Айдана Бейсенбековна, Нурбаева Акерке Дарибеккызы

Учаскелік сайлау комиссиясы № 107: КММ «№19 жалпы білім беретін мектеп», 003 есептік квартал, 22

Комиссия мүшелері: Зейноллаев Тамерлан Нурланович, Хуантай Дидаргул

**Әлихан Бөкейхан ауданы**

Учаскелік сайлау комиссиясы № 118: КММ «№25 жалпы білім беретін мектеп», 23-шағын аудан, 5/3

Комиссия мүшесі: Рощина Татьяна Алексеевна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 126: ШЖҚ КМК «Облыстық фтизиопульмонологияорталығы», Санаторная көшесі, 22

Сейтжанов Талгат Багытович – төраға

Калтурсынов Ербол Исмаилович – төрағаның орынбасары

Рыпалева Анжелика Вячеславовна – хатшы

Комиссия мүшесі: Темирханова Жанна Муратовна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 129: КММ «Жақып Ақбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп», 12 шағын аудан, 26

Комиссия мүшесі: Қонақпаева Салтанат Ерденқызы

Учаскелік сайлау комиссиясы № 142: КММ «Әлихан Бөкейхан атындағы жалпы білім беретін мектеп», 16 шағын аудан, 16/1

Комиссия мүшесі: Сулешов Асылбек Сейдильжанович

Учаскелік сайлау комиссиясы № 150: КМҚК «Қарағанды индустриялық-технологиялық колледжі», Столичная көшесі, 2а

Комиссия мүшесі: Копабаева Айгуль Куановна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 152: КММ «№13 қосымша білім беру орталығы-мектеп», Бабушкина көшесі, 108

Комиссия мүшесі: Жасұлан Дарын Жасұланұлы

Учаскелік сайлау комиссиясы № 176: РММ «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5451 әскери бөлімі», Солтүстік өнеркәсіп аймағы, 042-есептік квартал, 8

Комиссия мүшесі: Мұрат Аида Амангельдиевна

Учаскелік сайлау комиссиясы № 184: КММ «№12 жалпы білім беретін мектеп», Жекібаев көшесі, 125а

Комиссия мүшесі: Капашев Ержан Маратович

**Қарағанды қаласының аумақтық сайлау комиссиясы**

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

# Ботақарада жаңа бақ

**Бұқар жырау ауданының Ботақара кентіндегі «Даңқ алаңы» мен Бұқар жырау ескерткішінің арасындағы бір жарым гектар аумақта саябақ үлгісіндегі демалыс орны бой көтермек. Соған байланысты 5 қараша күні «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында мұнда ағаш отырғызу шарасы өтті. Игі бастамаға еңбек ұжымдарының өкілдері мен белсенді жастар қатысты. Шараға аудан әкімінің міндетін атқарушы Серік Әміралин мен аудан әкімінің кеңесшісі Асхат Әли де қатысып, қолдау білдірді.**

Бұған дейін аумаққа сексен түп сібір және көк шырша, пирамидалық теректер отырғызылған. Жасыл аймақты абаттандыру жұмыстарын «Тоқтар» жеке кәсіпкерлігі қолға алған. Жаңа жоба аясында аумаққа жалпы саны үш жүзге жуық қылқанжапырақты ағаш отырғызу жоспарланған. Олардың қатарында сібір және көк шыршалар, тау қарағайлары мен арша ағаштары бар. Көшеттер Семей, Қатонқарағай тәлімбақтарынан және Қырғызстаннан жеткізілген.

Ағаш отырғызу алдында жерге құнарлы қара топырақ пен арнайы қылқанжапырақты өсімдіктерге арналған топырақ төселіп, тыңайтқыштар енгізілген.

Ботақара кентінің әкімі Асқар Отыншиевтің айтуынша, жобаны екі кезеңмен жүзеге асыру жоспарланған. Жұмыстар үш жылға созылады.

**Өз тілшімізден**

**Бұқар жырау ауданы**

● МАНАРБЕК ЕРЖАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 125 ЖЫЛ

# Дүлдүлдің үзілмеген асқақ үні

**Биыл қазақ өнерінің жарық жұлдызы, сырлы саздың сардары, күміс көмей әнші, дарынды сазгер, шебер күйші, әрі көрнекті актер, Қазақ КСР Халық әртісі Манарбек Ержановтың туғанына – 125 жыл. Осыған орай Кеншілер мәдениет сарайында «Даланың дара дауысы» атты концерт өтті. Қазақ классикалық әнінің дүлдүлі, Қазақстанның Халық әртісі, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Қайрат Байбосынов пен дарынды әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұхамедин концерттің құрметті мейманы болды.**




**Ерік НАРЫН,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл кеште өткенге құрмет көрсетіліп, өнерге тағзым жасалды. Ұрпақтар сабақтастығына арналған рухани кеште ән қанатында тербелген ғұмырдың әуезімен қазақ өнерінің шоқтығы биік шебері Манарбек Ержановтың шығармашылық әлеміне саяхат жасалды.

1936 жылы Мәскеу төрінде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде «Қыз Жібек» операсынан Шегенің ролін сомдаған Манарбек Ержанов талайды тамсандырып, таң қалдырды, таңдай қақтырды. Сол кештің куәгері, көрнекті музыка зерттеушісі, композитор Борис Асафьев Манарбек Ержановтың өнеріне ерекше тәнті болып: «Мына бір әнші қазақтың кең даласын Мәскеу сахнасына алып келді-ау!», – деп сүйсінген екен. Ұлт өнері дүлдүлінің асқақ дауысының жаңғырығы күні бүгінге дейін үзілген жоқ.

Концерттің шымылдығын «Арқа сазы» фольклорлық ансамблі Тәттімбеттің «Сарыжайлау» күйімен ашты. Күйден кейін ән өнерінің бүгінгі жарқырап келе жатқан жұлдызы Медет Осатаев «Шегенің ариясын» шырқады.

Өнер зерттеушілерінің дерегінше, Манарбек Ержановтың өнер жолына түсуіне ұстазы әнші, әрі күйші Күсенбайдың тәлімі ерекше әсер етсе, кейіннен Шашубай Қошқарбайұлы мен Әміре Қашаубаевтай саңлақтардың өнері оның әншілік шеберлігін шыңдаған. Жасынан Біржан салдың, Ақан серінің, Естайдың, Жарылғапбердінің және басқа да дәстүрлі ән мектебі өкілдерінің шығармаларын орындаған Манарбек Ержанов халық әнінің тереңдігін бойына сіңіріп, өзіндік орындаушылық мәнерін қалыптастырды.

Жарылғапбердінің «Топайкөк» әнін Мәдениет саласының үздігі Құрмаш Ыбышев әуелетті.

Өнер иесінің есімі аталғанда, ең алдымен, ойымызға оның асқақ әншілік үні келеді. Алайда, Манарбек – әнші ғана емес, қазақтың музыкалық мұрасына қайталанбас қолтаңбасын қалдырған сазгер. Ол халықтың тыныс-тіршілігін, замана үнін әуенмен әрлеп, көңілінің толқынын күйге айналдырды. Манарбек Ержановтың «Орталық» және «Би күйін» «Арқа сазы» фольклорлық ансамблі орындап берді.

«Смет» халық әні осы күнде жиі шырқала қоймайды. Әнді сахнада Нұрлытаң Саятқызы жаңғыртты. Манарбек Ержановтың сирек шырқалатын тағы бір әні – «Ақындарға». Бұл әнді Мәдениет саласының үздігі Дулат Аханов орындады. Жамбыл Жабаевтың сөзіне жазылған Манарбек Ержановтың «Амангелдіге» әнін және Ақан серінің «Жылқылы бай» әнін Алматы қаласынан келген кеш қонағы, «Алатау» дәстүрлі өнер театрының әншісі, республикалық конкурстардың лауреаты Нұрболат Ұзақбай әуелетті.

Манарбек Ержановтың әндері – дәстүрлі әншілік мектептің табиғатын сақтай отырып, жаңа заманның тынысын танытты. Оның шығармаларындағы халықтық әуен, ен далада еркін көсілген еңбек адамының бейнесі, елге деген сүйіспеншілік, сазгердің шығармашылық әлемінің сан қырлы екенін көрсетеді. Осындай бір тұғыры биік туындыларының бірі – «Жұмысшы» әнін республикалық конкурстардың лауреаты Гүлмира Тапай шырқады.

Манарбек Ержановтың күйлерін нотаға түсіріп, бабына келтіре баптап, тыңдарманына тарту етіп жүрген өнерпаз – «Дарын» сыйлығының лауреаты Марат Нүкеев. Бұл кешке Қызылжар қаласынан арнайы келді. Ол Манарбек Ержановтың «Теңіз құстары» күйін орындады.

1928 жылы Қазақ драма театрына қабылданған өнер иесі, сахна өнерінің алғашқы қарлығаштарының қатарынан көрініп, актерлік шеберлігі арқылы көрерменнің ықыласына бөленді. Опералық қойылымдарда ұлттық кейіпкерлердің бейнесін сомдап, әншілік пен актерлік қабілетін бір арнаға тоғыстырды. Сахна саңлағы жайлы өнердегі бауыры, Қазақ КСР-нің Халық әртісі Кәукен Кенжетаевтың естелігі экранда көрсетілді.

– Манарбек Ержановтың домбыра тарту мәнері ешкімге ұқсамайтын. Ол басқа әншілердей домбыраны сабаламайтын. Домбыраны сол қолмен ойнайтын. Шекті қатты тартатын. Оның өнеріне өте таң болатынмын. Өзі арнайы білім алмаған адам. Бірақ, Табиғат-ана құдіретінің бір бөлшегін бойына құйып берген, – депті естелігінде.

Биыл бағзыдан тарихи тамыры бір күллі Түркі дүниесінің жүрегі Анкара қаласында қазақтың мақтанышы Манарбек Ержановтың 125 жылдығы аталып өтіліп, бауырлас түрік халқы қазақтың төл өнерін төріне оздырған еді. Сол өнер сапарында тыңдарманның ыстық ықыласына бөленіп, Анкара аспанында бақытты шақтың, бүгінгі бейбіт күннің құсындай қалықтаған Манарбек Ержановтың «Бақыт жыры» әнін Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әркенов шырқады.

Дайрабайдың «Дайрабай» күйін «Арқа сазы» фольклорлық ансамблі орындады. Халық арасында кеңінен танылған «Сайра бұлбұл» әнін талантты әнші Гүлмира Тапай орындап, кешті түйіндеді.

*Сурет ұйымдастырушылардан*


## Тұрғындар назарына!

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2026 жылдың 17 қарашадан бастап **«Нұрқазған» байыту фабрикасындағы ұсақтау-сұрыптау кешенінің конвейеріне арналған тиеу бункерін салу жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі** жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулардың өткізілетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағы: Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Ақтау кенті.

Учаскенің географиялық координаттары:

| Бұрыштық нүктелер | Бұрыштық нүктелердің координаттары | |
|---|---|---|
| | Солтүстік ендік | Шығыс бойлық |
| 1 | 50º10’3,14” | 72º59’58,71” |
| 2 | 50º10’2,92” | 72º59’59,02” |
| 3 | 50º10’2,70” | 72º59’58,17” |
| 4 | 50º10’2,55” | 72º59’58,27” |

Қоғамдық тыңдаулардың бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС сарапшысы Бесбаева М.М, байланыс телефоны: 8 (7172) 557665 (ішкі нөмір10894), эл.мекенжайы: Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz.

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 050140000656. Өкілі: Сүлейменова А.Б., байланыс телефоны: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557), эл.мекенжайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Жоба материалдары https://ndbecology.gov.kz сайтында орналастырылған және https://ndbecology.gov.kz сілтеме арқылы олар жарияланған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде ескертулер мен ұсыныстар үшін қолжетімді болады.

Жергілікті атқарушы орган: Қарғанды облысы, Қарағанды қ., Лобода көшесі 20, «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы»» ММ, байланыс тел. 8(7212)56-41-27, эл. мекенжайы expertiza.upr_krg@mail.ru.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ, белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz эл.мекенжайы бойынша және 8(7102)741794 телефон нөмірі арқылы сұратуға болады.

## Вниманию жителей!

ТОО «Корпорация Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений **раздела «Охрана окружающей среды» рабочего проекта «Строительство бункера для питания конвейера дробильно-сортировочного комплекса Нурказганской ОФ»** с 17 ноября 2026 года.

Территория воздействия: Карагандинская область, город Темиртау, посёлок Актау

Географические координаты участка:

| № | Северная широта | Восточная долгота |
|---|---|---|
| 1 | 50º10’3,14” | 72º59’58,71” |
| 2 | 50º10’2,92” | 72º59’59,02” |
| 3 | 50º10’2,70” | 72º59’58,17” |
| 4 | 50º10’2,55” | 72º59’58,27” |

Инициатор: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Бесбаева М.М., эксперт ТОО «Корпорация Казахмыс», контакты: тел. 8 (7172) 557665 (вн.10894), эл.адрес: Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Сулейменова А.Б., контакты: тел. 8 (7172)55 76 72 (вн.10557), эл.адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте https://ndbecology.gov.kz и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 5 рабочих дней по ссылке https://ndbecology.gov.kz.

Местный исполнительный орган: Карагандинская область, г.Караганда, ул.Лободы 20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», контактный тел:8(7212)56-41-27, эл. адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности, можно запросить по эл.адресу: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и по номеру телефона 8(7102)741794.

к.

## Тұрғындар назарына!

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2026 жылдың 17 қарашадан бастап **«Саяқ кенішінде көлік құралдарын жөндеуге және тұраққа қоюға арналған ангар салу» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі** бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулардың өткізілетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағы: Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Саяқ кенті.

Учаскенің географиялық координаттары:

| № | Солтүстік ендік | Шығыс бойлық |
|---|---|---|
| 1. | 46º54’41,06” | 77º22’51,94” |
| 2. | 46º54’37,65” | 77º22’52,39” |
| 3. | 46º54’41,84” | 77º22’59,77” |
| 4. | 46º54’38,59” | 77º23’0,65” |

Қоғамдық тыңдаулардың бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС сарапшысы Бесбаева М.М, байланыс телефоны: 8(7172)557665 (ішкі нөмір10894), эл.мекенжайы: Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz.

Жоба әзірлеушісі: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 050140000656. Өкілі: Сүлейменова А.Б., байланыс телефоны: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөмір10557), эл.мекенжайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz..

Жоба материалдары келесі сайтта орналастырылған: https://ndbecology.gov.kz және https://ndbecology.gov.kz сілтеме арқылы олар жарияланған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде ескертулер мен ұсыныстар үшін қолжетімді болады.

Жергілікті атқарушы орган: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Лобода көшесі 20, «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, байланыс телефоны 8(7212)-56-81-66, эл.мекенжайы: expertiza.upr_krg@mail.ru.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ, белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz эл.мекенжайы бойынша және 8 (7172)557-672 (ішкі нөмір 10557) телефон нөмірі арқылы сұратуға болады.

## Вниманию жителей!

ТОО «Корпорация Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений **раздела «Охрана окружающей среды» рабочего проекта «Строительство ангара для ремонта и стоянки автотранспортных средств на руднике «Саяк»** с 17 ноября 2026 года.

Территория воздействия: Карагандинская область, город Балхаш, посёлок Саяк.

Географические координаты участка:

| № | Северная широта | Восточная долгота |
|---|---|---|
| 1. | 46º54’41,06” | 77º22’51,94” |
| 2 | 46º54’37,65” | 77º22’52,39” |
| 3 | 46º54’41,84” | 77º22’59,77” |
| 4 | 46º54’38,59” | 77º23’0,65” |

Инициатор: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Бесбаева М.М., эксперт ТОО «Корпорация Казахмыс», контакты: тел. 8(7172) 557665 (вн.10894), эл.адрес: Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Сулейменова А.Б., контакты: тел. 8(7172)55 76 72 (вн.10557), эл.адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте: https://ndbecology.gov.kz и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 5 рабочих дней по ссылке https://ndbecology.gov.kz.

Местный исполнительный орган: Карагандинская область, г.Караганда, ул. Лободы 20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», 8(7212)-56-81-66, электронный адрес: expertiza.upr_krg@mail.ru.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности, можно запросить по эл.адресу: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz. и по номеру телефона 8(7102)55 76 72 (вн.10557).

к.


● КЕШ

# Балқантауды мәшһүр еткен махаббат

**Биыл ақын, балалар әдебиетінің көрнекті өкілі, журналист Кәрім Сауғабаевтың туғанына – 85 жыл. Осыған орай Жаңа Майқұдық мәдениет үйінде «Туған жердің жыршысы – Кәрім Сауғабаев» атты әдеби-сазды кеш өтті.**

**Ерік НАРЫН,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Ілия Жақановтың Балқантауға арнаған циклді әндерін туған жерге деген іңкәрлігін, оттай ыстық махаббатын сұлу әуенмен суреттеген Алаш жұрты тебірене шырқайды. Бұл әндер Балқантауды сонау Алатаумен, тіпті, Хан Тәңірі тауларымен иық тірестіріп қойғандай. Сондай асқақ, сондай сұлу. Әнді тыңдаған адамның жүрегі қыранға айналып, сол жаққа қанат қаққысы келіп тұратындай. Әндегі сиқырлы иірімдерді өлең сөзімен ғана суреттей алармыз.

Қазақты сырлы сазымен тербеген Ілия Жақановты Балқантауға алып келіп, оған ғашық еткен Кәрім Сауғабаев екені әсте тың әңгіме емес. Балқантаудың етегін жайлап отырған жұрт бұл әңгімеге қанық. Ойлап қарасақ, қазақтың даласында Балқантаудан да биік таулар бар. Бірақ, қазақты аузына қаратқан сазгер Балқантауға ғана емес, оның Кәрім Сауғабаевтай ерлеріне де жүрегінің үнін арнағандай. Туған жер өз перзентінің махаббатымен биік.

Әдеби-сазды кеште сөз сөйлеген Қазақстанның Құрметті журналисі Рымбек Смағұлов екі алып тұлғаның арасындағы құрмет пен достыққа тоқталды.

– Ілия Жақанов Кәрім Сауғабаев болмаса, шалғайда жатқан Балқантауға келе ме, жоқ па, келсе де, дәл бұлай ғашық бола ма? Кәрім ағамыз өзінің туған жеріне, туған еліне бар күш-жігерімен, ықыласымен қызмет еткен азамат. Қазақстанның қай түпкіріне барсам да, Балқантауға арналған әндерді естіп жүремін. Сол кезде Балқантауымды бұрын-соңды көрмегендей, сол жаққа асығамын. Ғажайып әсерге бөлейді, – деді Рымбек Смағұлов.

Кәрім Сауғабаевтың биіктігі мен ол жайлы жылы естеліктерді айтуға Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Кәрім Сауғабаевтың рухани інісі, әрі жерлесі Аманжол Қуанбаев, Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Назипа Қожақызы, ақынның туысқаны Сара Боранбаева, жерлесі, ел ақсақалы Мақсұт Жұмашев та келді.

Әдеби-сазды кеште сөз сөйлеген зиялы қауым өкілдері Кәрім Сауғабаевтың есімін Қарағандыдағы көшелердің біріне және Егіндібұлақ ауылының кітапханасына беру мәселесін көтерді.


**Хабарландыру**

2026 жылғы 13 қазандағы №113 (23727) жарияланған хабарландыруға толықтыру енгізілді: 04.11.2026 ж. 17.00 сағ., Достық үйі (Қарағанды қаласы, Кеншілер даңғ., 64); 06.11.2026ж. 17.00 сағ., Жаңа Майқұдық Мәдениет үйі (Қарағанды қаласы, Магнитогорская көш., 19) жоспарланған Қарағанды қаласының Дизайн коды бойынша жұмыстарды қоғамдық талқылаулар ауыстырылады.

Қоғамдық талқылауларды өткізу күні мен орны туралы ақпарат қосымша хабарланатын болады.

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

к

• МАРАПАТ

# Бапкердің еңбегі бағаланды

**Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов Республика күні қарсаңында Мемлекет басшысының атынан бірқатар спорт қайраткеріне мемлекеттік наградалар табыстаған болатын. Марапат иелерінің қатарында жерлесіміз, білікті бапкер Саржан Жақсыбеков отандық спорттың дамуына сіңірген еңбегі үшін «Құрмет» орденімен марапатталды. Биыл ардагер бапкер 75 жасқа толып отыр. Осыған орай облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұркен Нұратов мерейтой иесін арнайы қабылдап, мерейлі жасымен құттықтады.**



**Ербол ЕРБОЛАТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу барысында Нұркен Қанатұлы ардагердің Қарағанды спортының дамуына қосқан елеулі үлесін атап өтіп, көпжылдық еңбегі үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ, мерейтой иесінің иығына оқалы шапан жауып, ақжарма тілегін жеткізді.

Қарағанды спортының шежіресінде Саржан Бектемісұлының есімі, ең алдымен, әйелдер күресінің қалыптасуымен байланысты. Білікті бапкердің тәлімін алған қазақстандық балуан қыздар халықаралық додаларда топ жарып, кейін Олимпиада ойындарында да ел намысын абыроймен қорғады. Алайда, Саржан Жақсыбековтің спорттағы жолы бірден бапкерліктен басталған жоқ. Ол әуелі бозкілемде белдесіп, шыңдалды. Кейін жинаған тәжірибесі мен білімін шәкірт тәрбиелеуге арнап, отандық күрес спортының дамуына өзіндік үлес қосты.

– Бас бапкер ретінде спорт саласында он жыл еңбек еттім. Талай әлем чемпионаты мен Азия ойындарына, Бейжің және Лондон Олимпиадаларына да барып қайттым. Мені әкем 15 жасымда еркін күрес секциясына жаздырған еді. Ол кезде бір залда 150-ге дейін бала жаттығатын. Қатысушылардың көптігі соншалық, бапкерлер бізді қабілетіміз бен икемімізге қарай топтарға бөліп жаттықтыратын. Қазір заман өзгерді. Кезінде балалар спортқа өздері келетін. Қазіргі заманда керісінше. Бапкерлердің өздері болашағынан үміт күттіретін таланттарды іздеп, спортқа тартуы керек. Одан қала берді өңірде спорт залдары аз. Ал, бүгінгі таңда жұмыс істеп тұрған күрес залдарының жағдайы талапқа сай емес. Спорт инфрақұрылымы мәселесі шешілмей, бұл бағыттағы өзге түйткілдердің де түйіні тарқамайды. Соған қарамастан, талай чемпион тәрбиелеп шығардық. Балалармен де, жасөспірімдермен де жұмыс істедім, – деді Саржан Бектемісұлы.

Саржан Жақсыбековтің бапкерлік жолында есімі елге танылған, халықаралық ареналарда Қазақстанның абыройын асқақтатқан талай спортшы бар. Олардың қатарында Бейжің Олимпиадасының қола жүлдегері Елена Шалыгина, Рио-де-Жанейро Олимпиадасында қола медаль иеленген Эльмира Сыздықова мен Екатерина Ларионова, Жұлдыз Әшімова және әйелдер күресінен ел намысын қорғаған өзге де балуан қыздар бар. Ардагер жаттықтырушы өз сөзінде мұндай толағай табыстардың әр жағында тек бір бапкердің емес, ортақ мақсат жолында жұмылған тұтас команданың қажырлы еңбегінің жатқанын баса айтты.

– Жақын достарымның бірі бірде маған: «Саржан, әйелдер күресін дамыту керек» деп ұсыныс айтты. Сөйтіп, жастар арасындағы ұлттық құраманың аға бапкері болып қызметке келдім. Алғашқы турнирлерден-ақ жақсы нәтижелер көрсете бастадық. Сол жылдары талай белесті бағындырып, отандық әйелдер күресінің дамуына жол аштық. Жалпы, қыздармен жұмыс істеудің өзіндік ерекшелігі бар. Оларға ер балаларға қарағанда көбірек көңіл бөліп, тиісті жағдай жасау қажет. Еңбектеріне сай жалақы төленіп, сапалы спорттық киіммен қамтамасыз етілуі, білім алуына да мүмкіндік берілуі керек. Ал жоғары нәтиже көрсетіп, ел абыройын асқақтатқан спортшылардың еңбегі лайықты бағаланып, жеңістері үшін жақсы сыйақы қарастырылуы тиіс, – деді ардагер бапкер.

Талай спортшының бағын ашып, жұлдызын жаққан Саржан Жақсыбеков биыл 75 жаста. Ғұмырын спортқа арнаған ардагер бүгінде қалалық спорт ардагерлері одағына жетекшілік етіп отыр. Зейнет жасына жетсе де, сүйікті саласынан қол үзген жоқ. Әлі күнге дейін спорттың дамуына атсалысып, кейінгі буынға ақыл-кеңесін айтып келеді. Осыдан-ақ ардагердің спортқа деген шексіз сүйіспеншілігі мен өмірлік ұстанымының қандай екенін бағамдай беріңіз!

*Сурет дене шынықтыру және спорт басқармасынан*

• ФЕСТИВАЛЬ

# «Qyrmyzy» қуантты

**Ақтөбе қаласында балалар мен жасөспірімдер арасында алғаш рет «Адал азамат» атты республикалық театр өнері фестивалі өтті. Аталған өнер додасында Қарағанды облысының намысын Бұқар жырау ауданы, Үштөбе ауылының Үштөбе тірек мектебінің «Qyrmyzy» командасы қорғап, жүлделі II орынмен оралды.**



**Ербол ЕРБОЛАТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, мектеп театр үйірмелерінің шығармашылығын қолдауға бағытталған фестиваль биыл тұңғыш рет өткізіліп отыр. Бұл жоба балалар мен жасөспірімдердің театр өнеріне деген қызығушылығын арттырып, рухани-адамгершілік және эстетикалық тәрбиесіне ықпал ету мақсатында қолға алынған. Байқауға еліміздің әр өңірінен келген өнерпаз ұжымдар қатысып, «Драмалық театр» және «Музыкалық театр» аталымдары бойынша өзара бақ сынады.

Байқауға «Qyrmyzy» командасы көрермен назарына «Кринж (Мен ұяламын)» атты спектакль ұсыныпты. Қойылымның сценарийін ұжым жетекшісі, мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Құдайберген Өркеннің өзі жазған. Өз сөзінде ол спектакльде бүгінгі жасөспірімдер арасында жиі кездесетін өзекті мәселелер көрініс тауып, көрерменге ой салатын тақырыптар қозғалғандығын баса айтты.

– «Qyrmyzy» командасымен жұмыс істеп келе жатқаныма биыл үшінші жыл. Оқушыларымыз 7-сыныпта оқып жүргенде жайдарман тобы ретінде құрылған. Уақыт өте келе ұжымның бағыты өзгеріп, актерлік шеберлікті шыңдайтын театр үйірмесіне айналды. Бұл фестивальге 9-10-сыныпта оқитын 10 оқушым қатысты. Қазіргі таңда жасөспірімдер жасанды интеллект кеңінен таралған. Сондықтан, біз заман талабына ілесеміз деп жүріп ұлттық болмысымыздан алыстап бара жатқанымызды арқау етіп, қойылым ұсындық. Сонымен қатар, спектакльде бүгінгі жастардың сөйлеу мәнеріндегі сленг сөздер, тілдік қолданыстар және буллинг мәселесі де қамтылды. Осындай тақырыптарды балаларға түсінікті тілмен жеткізетін әдеби шығармалардың аздығы да сценарийді өзім жазуыма түрткі болды, – деді команда жетекшісі.

Үш күнге созылған фестиваль қорытындысы бойынша Ақтөбе командасының «Шамшырақ» командасы үздік атанды. Ал, қарағандылық «Qyrmyzy» командасы II орын иеленсе, үздік үштікке Елордалық «Жаныма сая» командасы табан тіреді.

*Сурет команданың жеке мұрағатынан*

• «БІР ЕЛ – БІР КІТАП»

# Әдебиет әлемінде

**Сарышаған кенттік кітапханасында республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында көрнекті жазушы Қабдеш Жұмаділовтің шығармашылығына арналған «Дара тұлға» атты әдеби калейдоскоп өткізілді.**

Рухани кешке кітапхананың тұрақты оқырмандары қатысып, қаламгердің өмір жолы мен әдеби мұрасынан мол мағлұмат алды.

Биылғы «Бір ел – бір кітап» акциясының басты таңдауы – Халық жазушысы, көрнекті қаламгер Қабдеш Жұмаділовтің шығармашылығы мен әйгілі «Тағдыр» романы. Осыған орай ұйымдастырылған шарада жазушының өмірі, шығармашылық жолы және ұлт тарихын арқау еткен туындылары кеңінен таныстырылды.

Кеште кітапханашылар қаламгердің өмірі мен шығармашылығына қатысты қызықты деректер ұсынып, оның жастық шағында жазған өлеңдерін оқыды. Сонымен қатар, жазушының кітаптарынан жасақталған көрме ұйымдастырылып, қатысушыларға мазмұнды мәліметтер берілді.

Шараға қатысқан кітапхананың тұрақты оқырмандары мұндай кездесулердің рухани маңызы зор екенін атап өтті. Айтуларынша, кітап оқуға қызығушылықты арттырып, ауыл тұрғындарының таным көкжиегін кеңейтетін тағылымды шаралар алдағы уақытта да жалғасын табуы тиіс.

**Жазира БЕКМАҒАНБЕТОВА,**
**Сарышаған кенттік кітапханасының тұрақты оқырманы**

• ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

# Дәстүрлі турнирдің дүбірі

**Қарағандыда балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері арасында жеңіл атлетикадан Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Вера Карпованы еске алуға арналған XXI ел чемпионаты өз мәресіне жетті. Дәстүрлі додаға еліміздің бес өңірінен 10 команда қатысып, төртсайыстан өзара мықтыны анықтады. Жарыстың ашылу салтанатына Олимпиада резервін даярлау орталығының басшысы Ерден Халилин қатысып, жас спортшыларға жылы лебізін білдірді.**



**Ербол ЕРБОЛАТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен қатар, салтанатты шараға Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Василий Карпов пен онсайыстан Олимпиада ойындарының қола жүлдегері, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері Дмитрий Карпов та арнайы қатысты. Олар да жарысқа қатысушыларға жылы лебізін білдіріп, ұйымдастырушыларға алғысын жеткізді. Одан бөлек, ашылу рәсіміне спорт саласының бірқатар ардагерлері, білікті мамандары мен спорт шеберлері қатысып, жас атлеттерге қолдау көрсетті.

– Жастар үшін саламатты өмір салтын ұстану басты басымдықтардың біріне айналуы тиіс. Бүгінгі жарыс – тек спорттық бәсеке ғана емес, шеберлікті шыңдап, тәжірибе жинақтауға, өз мүмкіндіктерін саралауға жол ашатын маңызды алаң. Жалпы, Қарағанды өңірі – спорттық дәстүрі қалыптасқан, талай тарланды түлеткен өлке. Осы жеңіл атлетика жолында жаттығып, шыңдалған спортшылардың арасынан Олимпиада чемпиондары, әлем және Азия ойындарының жеңімпаздары шықты. Бұл – кейінгі буын үшін үлкен үлгі әрі биік белестерді бағындыруға берілген серпін, – деді Ерден Халилин.

Айта кетейік, чемпионат жекелей және командалық есепте өткен. Ал, жеңімпаздар әр аталым бойынша жеке-жеке марапатталды. Қарағандылық 13 жастағы Алиса Дьякованың жеңіл атлетикамен айналысып жүргеніне сегіз жылдан асқан. Жас спортшы үшін бұл чемпионаттың маңызы ерекше. Өйткені, аталған додада үздік нәтиже көрсеткен жағдайда елордада өтетін келесі бәсекеде өңір намысын қорғауға мүмкіндік алады. Сондықтан, ол бұл жолы жеке көрсеткіштерін жақсартып, жеңіс тұғырынан көрінуді мақсат етіп отыр.

– Жалпы, спорт – менің өмірімнің ажырамас бөлігі. Болашақта да осы саланы таңдағым келеді. Ал, осы чемпионатта 60 метрге жүгіруден жақсы нәтиже көрсетіп, финалға жолдама алуды көздеп отырмын. Сонымен қатар, биіктікке секіруден де жеке көрсеткішімді жақсартқым келеді. Қазір 1 метр 30 сантиметрге секіремін. Алдағы уақытта бұл межені 1 метр 40-45 сантиметрге жеткізуді мақсат етіп отырмын. Ең бастысы, жеке рекордымды жаңартсам деймін, – деді жас спортшы.

Жерлесіміз бұл жолы төртсайыс қорытындысы бойынша 218 ұпай жинап, үздің 10 спортшының қатарына енді. Атап айтсақ, 60 метр қашықтықты 8,4 секундта жүгіріп өтсе, ұзындыққа секіруден 4 метр 20 сантиметр нәтиже көрсетті. Ал, биіктікке секіруде 1 метр 35 сантиметрді бағындырса, 500 метрлік кроссты 1 минут 38,9 секундта еңсерді.

Жарыс қорытындысы бойынша ұлдар арасындағы командалық сайыста облыстық мамандандырылған жеңіл атлетикадан балалар мен жасөспірімдердің олимпиадалық резерв мектебінің командасы топ жарды. Одан кейінгі сатыға Қарағанды қаласының жеңіл атлетика бойынша олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің командасы табан тіреді. Ал, үздік үштіктен Теміртау қаласының мамандандырылған олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер мектебінің командасы көрінді.

Қыздар арасындағы сында Павлодар қаласының №1 балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебінің командасы үздік атанды. II орынға облыстық мамандандырылған жеңіл атлетикадан балалар мен жасөспірімдердің олимпиадалық резерв мектебінің, III орынға Әлия Молдағұлова атындағы Қарағанды спорт мектебінің командасы иеленді. Ал, Қарағанды қаласының жеңіл атлетика бойынша олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің командасы төртінші сатыға жайғасты.

*Суреттерді түсірген автор*

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС
Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары **Станислав Альбертович ПЕСНЕВ**
Директордың орынбасары **Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**
Бас редактор **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы **А.Ә. СОВЕТ**
Жауапты хатшы **С.Б. ІЛИЯШ**

**Телефондар:**
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 8-701-185-82-14;

**Меншікті тілшілер:**
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

**Газет жеткізілмесе**
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 3 140

№123 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**
**Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.**
Кезекші редактор **Жәлел ШАЛҚАР**